



■ МӘСЕЛЕ

ҚОҚЫСТАН ҚАЙТСЕК ҚҰТЫЛАМЫЗ?

7-БЕТТЕ



■ ҚОҒАМ

ӨЗІМІЗ ЕМЕС, ӨРЕМІЗ КЕДЕЙ

8-БЕТТЕ



■ РУХАНИЯТ

КӨКЕЙІНДЕ КҮЛТЕГІННІҢ ЖАЗУЫ

9-БЕТТЕ

№107

(4076)

Бейсенбі

10 қыркүйек

2020 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДАНЫ ОРМАНМЕН ОРАҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында экологиялық туризм мәдениетін белсенді дамыту маңызды міндет екенін атап өтті. Осы ретте елордада экосаябақтарын құру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

3-БЕТТЕ

САНСӨЙЛЕМ

КАРАНТИН КЕЗІНДЕ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТЫ САҚТАМАҒАНЫ ҮШІН ЕЛОРДАЛЫҚ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

95 715 990

ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ



ІЗДЕСЕҢІЗ, ЖҰМЫС БАР!

Бүгінде елордада құрылыс, сауда және денсаулық сақтау саласындағы мамандықтарға сұраныс туындап отыр.

Атап айтқанда, құрылыс саласында - инженер-сметашы, прораб, шебер, әртүрлі жұмыс істеуші, тас қалаушы, арматурашы, бетоншы, учаске электриктері, ӨТБ инженері қажет болса, сауда саласы бойынша - сатушы, кассир, менеджер, супервайзер, мерчендайзер, сауда өкілі, жанармай құюшыға, денсаулық сақтау саласында дәрігер, медбике, санитар мамандықтары сұранысқа ие болып отыр.

Жұмыспен қамту орталығының базасында жастарға арналған - 1 894 бос жұмыс орны, тұрғын үй берілетін - 660 бос жұмыс орны, бұл жерде әсіресе құрылыс саласындағы бос жұмыс орындарына басымдылық беріліп, ыңғайлы кестесі бар 38 бос жұмыс орны ұсынылады.

Сондай-ақ елордалық жұмыспен қамту орталығы «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» және «Жастар

тәжірибесі», «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламалары аясында бос жұмыс орындары да ұсынылады. «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бойынша ең қажетті бос жұмыс орындары: жұмысшы, жол жұмысшысы, жүк көлігінің жүргізушісі, монтажшы, көгалдандыру бойынша жұмысшылар.

Бос жұмыс орындарының тізімі Орталықтың www.cz.astana.kz ресми сайтында жарияланған.

БІР МИНИСТРЛІК, ЕКІ АГЕНТТІК ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен елімізде Төтенше жағдайлар министрлігі құрылды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

«Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3-ші тармақшасына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және тиімділігін арттыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: 1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, оған: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттердің алдын алуды және сөндіруді ұйымдастыру саласындағы қызметі; Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту бойынша функциялары



мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылсын» делінген қаулыда.

Сондай-ақ, Президенттің Жарлығымен Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі құрылды. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік статистикалық қызмет салаларындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика

министрлігінің функциялары мен өкілеттіктері беріледі. Ал Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің құзырына тиісті тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау мен реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің функциялары мен өкілеттіктері берілді.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында еліміздегі эпидемиологиялық ахуал қаралды. Ресми мәлімет бойынша, коронавирус инфекциясы мен вирустық пневмонияның тәуліктік өсуі – 0,5 пайыз шегінде. Бүгінгі таңда осы инфекцияны жұқтырған адамдардың 94 пайызы емделіп шықты, инфекциялық ауруханалардың толуы 15 пайызды құраған. Индетке байланысты жедел жәрдем шақыру 80 пайызға дейін төмендеді.

Бұған қоса, ауруханадағы орындар санын 50 мыңға дейін арттыру мәселесі пысықталуда. Өңірлерде 12 жұқпалы аурулар ауруханасы салынауда, 2 стационар қайта жөндеуде. Ауылдық жерлердегі медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Жедел жәрдем автокөліктермен, автобустармен және барлық қажетті жабдықтармен (өкпені жасанды желдету аппараттары, оттегі концентраторлары) қамтамасыз етілуде. Аудандық ауруханаларда 132 рентген аппараты орнатылды. Биыл 1 қазанға дейін қосымша 100 жылжымалы медициналық кешен сатып алынады.

Үкімет басшысының айтуынша, елімізде жеке қорғаныш құралдары мен дәрі-дәрмектердің жеткілікті қоры жасалды, тапшылық болмайды. Оның үстіне, тамыз айынан бері ауруханаларда вирустық инфекциядан емделу үшін халыққа тегін дәрі-дәрмек (ыстықты түсіретін, антикоагулянттар) беріліп жатыр. ПТР тестілеу мүмкіндігі артты (тәулігіне 40 мыңға дейін, 63 мыңға дейін жеткізілуі мүмкін). Вакцина сатып алу және өзімізде вакцина жасап шығару жөнінде келіссөздер өткізілді. 15 қыркүйектен бастап тұрғындарға тұмауға қарсы екпе жасалады.

«Жалпы, Үкімет тарапынан ауқымды жүйелі жұмыс жүр-

гізілуде. Қабылданған шаралардың нәтижесінде біз еліміз үшін күрделі кезеңді еңсердік және аурудың таралу деңгейін төмендету қамтамасыз етілді. Бастысы, біздегі денсаулық сақтау жүйесі коронавирус жұқтырғандарды емдеу бойынша мол тәжірибе жинады. Барлық қабылданған жатқан шаралар күзде пайда болуы мүмкін пандемияның жаңа толқынына және маусымдық ауруларға қарсы күресуге жағдай жасайды. Әрине, санитарлық талаптарды қатаң сақтау керек» деді А.Мамин.

Премьер-министр өңірлердің әкімдеріне эпидемиологиялық жағдайды ерекше бақылауда ұстап, барлық санитарлық нормаларды қатаң сақтауды, вирустың таралуы мен ауру жұқтыру көрсеткіштерінің өзгеруіне қарай жедел әрі нақты әрекет етуді, инфрақұрылымды дайындау шараларын қабылдап, барлық сатыдағы медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тапсырды. Денсаулық сақтау министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірге халық арасында профилактикалық жұмысты күшейту тапсырылды. «Денсаулық сақтау жүйесінің дайындығын бақылауда ұстау қажет, сондай-ақ қауіп тобындағы адамдарды нақты қадағалауды қамтамасыз ету керек» деді А.Мамин.

ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ЛОКДАУН САҚТАЛАДЫ

Аурудың таралуын болдырмай, жағымды динамиканы сақтау үшін бірқатар шектеу шарасы мен демалыс күндердегі локдаундар күшінде қалады.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой аурудың таралуын болдырмау үшін бірқатар шектеу шарасы күшінде қалатынын жария етті.

«Бүгінгі таңда коронавирус инфекциясына қарсы күресте қоғамның рөлі өте маңызды. Алдын алу шаралары қаншалықты сақталса, жағдай соншалықты жеңіл болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы басшыларының пайымдауынша, мемлекеттердің үкіметтері белсенді түрде басшылық ету жауапкершілігін алып,

ал халық шектеу шараларын сақтап, маска киіп, бұқаралық шараларға бармауы тиіс. ДСҰ бас директоры Тедрос Гебрейесустың ойынша, бұл соңғы пандемия емес. Тарихтың өзі індеттің өршуі – өміріміздің бір бөлігі екенін ұқтырады. Швейцарияның федеративті қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Қазақстанға азаматтары келген кезінде карантин сақтауы тиіс мемлекеттердің тізімінен алып тастағанын атап өту керек» деп мәлімдеді Алексей Цой Үкімет отырысында.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Қайым-Мұнар ТАБЕЕВ,
журналист:

“”

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтың түсініктемесінен кейін, көпшіліктің сол қуанышы су сепкендей басылды! Өйткені азаматтардың зейнетақы қорында қаражаттың «жеткіліктілік шегі» нақты сома болуы керек екен. Бюджеттік мекемедегі жас маманның айлық табысы – 110-130 мыңның төңірегінде. Бұл ашық дереккөздерінде тұр. Сонда, министр Нұрымбетовтың айтқанынан қалт-құлт күн кешіп жүрген қарапайым халыққа не пайда бар? Бұл арада, тағы да тұрмысы жоғарылар (министрлер, әкімдер, депутаттар, мекеме басшылары, квазимемлекеттік сектордағылар) ғана ұтысқа шығайын деп отыр. Президент Жолдауында айтылғандай, жалпы халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартуға арналған тапсырмалардың бұрмалануына жол беруге болмайды. Ендеше, министрлік өзінің антихалықтық бұл шешімін шұғыл арада қайта қарауы тиіс деп ойлаймыз. Жоғарыдағы шектік көрсеткіш екі-үш есе төмендетілуі керек!

(09.09.2020. Фейсбуктегі парақшасынан алынды)

28 МЛРД ТЕНГЕ ИГЕРІЛМЕЙ ҚАЛҒАН

Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев бюджет қаражатын игермеген министрліктер мен өңірлерді атады.



«Мемлекеттік бюджеттің шығыстары – 98,8%, республикалық бюджеттің шығыстары – 99,5%, жергілікті бюджеттердің шығыстары 98,4% атқарылды. Республикалық бюджеттің шығыстары 9 трлн 251 млрд теңгені құрады. 45 млрд теңге атқарылмаған. Оның ішінде 17 млрд теңге үнемделіп, 28 млрд теңге игерілмеген» деді министр Үкімет отырысында.

Әсіресе Цифрлық даму, инновациялар және аэроа-

рыш өнеркәсібі министрлігінде, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде, Жоғарғы Сот, Қаржы және Білім және ғылым министрліктерінде ірі сомалар игерілмеген. Жергілікті бюджеттердің шығыстары 4,9 трлн теңгені құрады. Мұнда 80 млрд теңге атқарылмаған. Бюджет қаражатын игермеген өңірлердің қатарында Қарағанды, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда және Ақмола облыстары бар.

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Елордадағы «Жекпе-жек» сарайына Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровтің есімін беру ұсынылды. Үкіметтің тиісті Қаулы жобасы «Ашық үкімет» порталында қоғам талқысына шығарылды. Талқылау 21 қыркүйекке дейін жалғасады. Кез келген адам аталмыш порталда өз пікірін қалдыра алады.

АЛМАТЫ

Қаланың дизайн-коды келесі жылы қабылданады. Бұл бойынша тиісті жұмыстар осы жылдың соңында аяқталады. Аталмыш құжат архитектуралық шешімдерді дамытуды қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлер үшін де, қалалықтар үшін де бірыңғай талаптар енгізіледі.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Өңірде ішкі туризмді дамыту мақсатында барлық ауданға арнайы маршрут әзірленді. Соның ішінде Қобда ауданы Кеңес Одағының батыры Элия Молдағұлованың туған жері ретінде таныстырылады. Мәртөк табиғатымен, Хромтау өндірісті аудан ретінде туристерді тартады. Осылай аймақтағы әр ауданға тиісті сипаттама берілген.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Сарыағаш ауданындағы «Арыстанбаб» жоғары колледжінде студенттерге арналған 100 орындық жаңа жатақхана пайдалануға берілді. Заманауи үлгіде бой көтерген жаңа нысан барлық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Екі қабатты нысанның әр бөлмесі төрт адамға арналған.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Аймақта Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен зейнеткерлердің әлеуметтік картасын әзірледі. Осының арқасында олар қажетті көмекті жылдам алатын болды. Жалпы қазір облыста 57 майдангер, 8 100 тыл еңбеккері және 206 мың зейнеткер тұрады.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Нұрилла МҰРАТОВА, елорда тұрғыны:

– Биыл елордалықтарды тұмауға қарсы вакцинациялау үшін 110 мың доза вакцина сатып алынды деп оқыдық интернет сайттардан. Тұмауға қарсы екпе кімдерге тегін салынады екен?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының маманы Фатима Смағұловаға жауабын ұсынамыз:

– Тұмауға қарсы вакцинация жергілікті мекенжайы бойынша тіркелген алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында жүргізіледі. Екпе созылмалы аурулары бар 18 жасқа дейінгі балаларға, медициналық қызметкерлер мен жүкті әйелдерге (жүктіліктің 2-3 триместрі), жабық мекемелердегі адамдарға (балалар үйі, үй, интернат), мүгедек ересектер мен созылмалы аурулары бар балаларға, 60 жасстан асқан қарт адамдарға салынады.

Қазақстанда жыл сайын тұмауға қарсы жаппай иммундау тұмаудың эпидемиялық таралуы мен өлім мен асқынулардың деңгейін төмендету мақсатында жүзеге асырылады.

Вакцинация процесінде организмге инфекциялық агент бөлшегі енгізіледі. Вакцинадағы инфекциялық агент ауруды тудыруы мүмкін емес, бірақ денені антиденелер шығаруға ынталандыруы мүмкін. Вакцинацияға қарсы көрсеткіштері бар адамдар тобы бар екенін ескертеміз. Егер адамда өткір вирустық инфекция болса (тамақ ауруы, жөтел, безгегі), онда вакцина салынбайды. Созылмалы аурулардың өршу кезінде вакциналардан уақытша бас тартыңыз. Екі жағдайда да пациенттер сауыққаннан кейін немесе созылмалы аурудың тұрақты жақсаруынан кейін вакцинацияланады. Вакцинаны ақылы негізде алу пункттерін Нұр-Сұлтан қаласының тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті айқындайды. Вакцинацияның бағасы мен басталуы туралы қосымша хабарланады.



МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

Қаладағы медициналық ұйымдар коронавируспен пневмонияны емдеуге қажет қосымша жабдықтармен қамтамасыз етілді. Қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен бірқатар ұйымдарда болып, күзгі маусымдық аурулар – ЖРВИ мен тұмаудың көбеюін ескере отырып, мекемелердің COVID-19 індетіне дайындығын тексерді.

Осылайша, 50-ден астам өкпені жасанды желдету аппараты, 2 компьютерлік томограф, өкпені зақымдану пайызын көруге мүмкіндік беретін 7 сандық рентген жүйесі; 3 оттегі резервуары қосымша сатып алынды. Сонымен қатар қаланың емдеу мекемелеріне 500-ден астам оттегі концентраторы, 250-ге жуық өкпені жасанды желдету аппараты, 300-ге жуық флоуметр, 500 көпфункционалды арнайы керуелі жеткізілді. Сондай-ақ 1600-ге жуық оттегі нүктесі бар.

«Демалыс күндері карантин шараларын енгізу нәтижесінде қалада COVID-19-ға қатысты ахуал тұрақталды. Медицина мекемелері мен қызметкерлерге ауыртпалық түспеу үшін, қатаң санитарлық нормаларды сақтауды жалғастыру қажет. Коронавируспен күреске дайындық тоқтаған емес. 110 тоннадан астам дәрі-дәрмек сатып алынып, мекемелер медициналық жабдықтармен

қамтамасыз етілуде. Күзде өршітін ЖРВИ індетімен бірге корона-вирусқа қатысты ахуал да күрделенуі мүмкін. Сондықтан біздің барлық медицина ұйымдары дайын. Жақында медициналық жабдықтардан басқа жылжымалы флюорографиялық кешендер, сандық рентген жүйелері және жоғары дәлдіктегі желдеткіштер де жеткізіледі. Мысалы, бүгінде стационарларды өкпені жасанды желдету аппаратымен қамтамасыз ету шамамен 94%-ды құрайды» деді Бақтияр Мәкен.

Әкімнің орынбасары әкімдік жеке және республикалық клиникалармен олардың компьютерлік томография аппараттарына қала емханалары мен стационарларына бекіту туралы келісімге қол қойғанын атап өтті. Компьютерлік томографтардың жалпы саны – 19. Қажет болса, қаланың барлық 17 стационары қайта ашылып, инфекциямен күреске жұмылдырылады.

ЕЛОРДАНЫ ОРМАНМЕН ОРАҒАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл елордада 330 мыңға жуық жапырақты, қылқан жапырақты көшет және қосымша тағы 3 мыңнан аса көшет отырғызылады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram-дағы парақшасында жариялады.

«Елорданың жасыл белдеуі – қаланың тыныс алу органы іспеттес. Орман өсіру Елбасының бастамасымен мемлекеттік комиссияның 1996 жылғы қаңтардағы қаулысы шешілген болатын. Осы уақыт аралығында жасыл белдеу айтарлықтай кеңейді. Жыл сайын мыңдаған тал-терек отырғызылады. Жасыл белдеу қаланың экологиясы мен климаттық жағдайын жақсартуға септігін тигізіп келеді. Биыл 330 мыңға жуық жапырақты, қылқан жапырақты көшет және қосымша тағы 3 мыңнан астам көшет отырғызамыз. Жалпы, аумақта 10,2 млн астам тал мен 1,8 млн қарақат, ырғай, дерен, т.б. өсіп келеді.

Көктемде жасыл белдеудің соқпақ жол желісін қайта құруға кірістік. Аумақта белсенді уақыт өткізуге арналған скейтбординг алаңы, роликпен сырғанайтын шағын алаңдарды (қыста коньки тебуге де болады) салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаяу серуендеуге және кросс-кантри сабақтарына арналған жолдар салынады. Сондай-ақ балаларға арналған ойын алаңдарын, футбол және теннис алаңдарын жасаймыз.

Жасыл белдеуді бүгінде қоян, қарсақ, түлкі, қырғауыл және т.б. жануарлар мен құстар мекендейді. Жасыл белдеудегі



құстардың санын арттыру бойынша да жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қазіргі жасыл белдеудің жанында орналасқан ипподромда иппотерапиямен айналысуға арналған ат-спортты кешенінің құрылысын аяқтаймыз. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтумен арнайы оқытылған адамдар айналысады. Ипподром базасы ұлттық және классикалық спорт түрлерін өткізу және оларға дайындық, туристік маршрут бағыттары бойынша дамытылады. Ипподромнан Үркер (Ильинка) елді мекеніне дейін веложол төселді. Қазір велосипед, шаңғыларды жалға алу үшін база саламыз. Бұл жұмыс жыл соңына дейін аяқталады. Елорданың барлық аудандарында

көгалдандыруға назар аударып келеміз. Биыл 30 мың түп ағаш отырғызамыз. Ауаларды, саябақтарды, тынымбақтар мен бульварларды абаттандыру кезінде көшеттер отырғызамыз. Әрине, оларға күтім жасау маңызды. Отырғызылған тал-теректер мен гүлдерді күтіп-баптау үшін көктемнен бастап суару жүйесін 20%-тен 90%-ке дейін қалпына келтірдік.

Президент халыққа Жолдауында экологиялық туризм мәдениетін белсенді дамыту маңызды міндет екенін атап өтті. Ол үшін елордада қала тұрғындары мен қонақтарына арналған экопарктер құру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді» деп жазды Алтай Көлгінов.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласында 4 және 6 пайыздық сыйақы мөлшерлемесімен жеңілдетілген шағын несие беру басталды.

Жеңілдетілген шағын несие нысаналы бағыт – бизнесті ұйымдастыру және кеңейту.

Нәтижелі жұмыспен қамтудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жылдық 4 және 6 пайыздық сыйақы мөлшерлемесімен шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін жеңіл-

детілген шағын несие беру басталды. Негізгі қарыз бойынша жеңілдік кезеңі 12 айға дейін, сыйақы үшін 6 айға дейін беріледі. Несиенің максималды сомасы – 5 жылға дейінгі мерзімге 20 миллион теңгеге дейін. Егер өтініш беруші көпбалалы немесе аз қамтылған отбасы болса, онда

сыйақының жылдық мөлшері 4%-ды құрайды.

Толық ақпарат пен талап етілетін құжаттар тізімін 8-800-080-035-05 байланыс орталығына немесе 8-701-555-71-24 нөмірі арқылы алуға болады. Мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Тұран даңғылы, 19/1, 3-қабат, 306-кеңсе.

953 КӨЛІК ТІРКЕЛДІ

Нұр-Сұлтан қаласындағы мамандандырылған ХҚКО-да Армения Республикасынан әкелінген көліктерді тіркеу жүріп жатыр.

Жеңілдетілген шағын несие нысаналы бағыт – бизнесті ұйымдастыру және кеңейту.

Нәтижелі жұмыспен қамтудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жылдық 4 және 6 пайыздық сыйақы мөлшерлемесімен шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін жеңілдетілген шағын несие беру басталды. Негізгі қарыз бойынша жеңілдік кезеңі 12 айға дейін, сыйақы үшін 6 айға дейін беріледі. Несиенің максималды со-

масы – 5 жылға дейінгі мерзімге 20 миллион теңгеге дейін. Егер өтініш беруші көпбалалы немесе аз қамтылған отбасы болса, онда сыйақының жылдық мөлшері 4%-ды құрайды.

Толық ақпарат пен талап етілетін құжаттар тізімін 8-800-080-035-05 байланыс орталығына немесе 8-701-555-71-24 нөмірі арқылы алуға болады. Мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Тұран даңғылы, 19/1, 3-қабат, 306-кеңсе.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Аймақта «Мобильді емхана» жобасы басталды. Жобаның мақсаты – әр елді мекенде, соның ішінде шалғай жатқан ауылдарда медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Соның аясында 3 дәрігерлік бригада Сарысу, Талас, Мойынқұм аудандарының шалғайдағы елді мекендерінің тұрғындарына консультативтік мамандандырылған көмек көрсетеді.

ШҚО

Семейде салынып жатқан Абай атындағы жаңа мешіт осы күздің соңына дейін пайдалануға беріледі. Жоба бойынша мешітке 3 мың адам бір уақытта намаз оқи алады. Ғимараттың ішінде діни жоралғыларды өткізуге арналған кең бөлмелер мен қатымхана қарастырылған. Мешітке апаратын бірнеше көпір және 500 көлік сиятын автотұрақ салынады.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Целиноград ауданының Қосшы ауылында 70 пәтерлі тұрғын үй тапсырылды. Баспаналы болғандардың басым көпшілігі – «Әл Баракат компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен зардап шеккен үлескерлер, яғни жас отбасылар, көпбалалы аналар, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлері, зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандар.

КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ТҮЙІНІН КӨРСЕТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың пандемия жағдайында ел алдына шығып, үндеу тастаған Жолдауы халыққа сенім ұялатқаны, біраз көкейтесті, күрделі мәселелердің түйінін шешкені сөзсіз.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің соңғы жылдардағы саясаты дұрыс жолға қойылған. Жығылғанның қолын байлап, кісен салғаннан гөрі, мәселенің алдын алып,

қазақтың сүрінгенге сүйеу болатын ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тәжірибесі бар. Нарықпен бірге ұлттық санамыз бен рухымыз күйреген заман келді. Жемқорлық – ұлтымызға

жат дүние. Осы орайда, Президент өз Жолдауында қоғамның дамуына, елдің экономикалық-саяси дамуына кедергі келтіретін жемқорлықтан құтылу тетіктерін атап өтті. Агенттік парасат, адалдық, тазалықты дәріптеуде үлкен қызмет атқаруда. Өрескел жағдайда қолына кісен салып, сот органдарына тапсырғанның өзінде жазасынан құтылып кететіндер бар. Қамаққа алынғандар мерзімінен бұрын шығып жатыр. Әрине, осыдан кейін жемқорлықты тоқтату мүмкін емес. Прокуратура, сот, агенттік, Президент, бүкіл халық табандылық танытып, ұлттық қозғалыс жасауымыз керек.

Президенттің қамауға алынғандарды мерзімінен бұрын бостандыққа шығармау туралы ұсынысы көпшіліктің көңілінен шықты деп ойлаймын. Бұл ұсыныстың

астарында сананы ояту мәселесі жатыр. Мемлекет басшысының құқық қорғау органдарын сынға алуы өте орынды. Себебі сот, прокуратура өкілдері жемқорлықпен ұсталғандардың жазасын жеңілдетіп, сытылып кетуіне мүмкіндік берді. Енді бұл заң жүзінде қадағаланатын болады. Сондай-ақ жемқорлықпен ұсталғандардың мемлекеттік, квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне тыйым салынғаны, сол бойынша нақты тапсырмалар берілгені де – құптарлық жағдай. Кей адамдар жемқорлық деректерін көре тұра, оны айтуды намыс санайды. Бұл – жалған намыс. Мемлекет қаржысын жымқырған қылмыскерді қорғау – Отанды сату деген сөз. Осыған байланысты Президент сыбайлас жемқорлық туралы хабар беріп, агенттікпен бірігіп жұмыс істейтін адамдарды заң жүзінде қорғайтын жүйе қалыптастыру керегін нақты атап айтты.

Жолдауда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы жауапкершілігі, есеп беруі, қоғамдық қадағалауды заң жүзінде бекіту керектігі айтылды. Қоғамдық

бақылау бүгінгі таңда аса қажет. Бүкіл қоғам болып қаражаттың қайда жұмсалып жатқанын қадағалап отырсақ, еліміздің дамуына бірігіп үлес қосар едік. Қоғамдық кеңестердің маңызы күн санап артуда. Қоғам мен мемлекет арасындағы байланыс күшеюде. Президент елдің мұң-мұқтажын тыңдайтын мемлекет қалыптастыруды атап өтті.

Бұл Жолдауда кәсіпкерлікке де ерекше қолдау көрсетілді. Елдегі кәсіпкерлік туралы ақпаратқа қанық екені байқалды. Субсидия мәселесіне, пандемия кезінде табысынан айрылған кәсіпкерлерге үлкен мән берілді. Бұл «Ұран-жолдау» емес, нағыз қиын шақта қолдау болған Жолдау. Осы қойылған мақсаттың барлығы орындалса, біз бүгінгі сынақтан ел болып бірігіп, ұлт боп ұйысып өтетінімізге кәміл сенемін.

Ырза ТҰРСЫНЗАДА,
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жанынан құрылған республикалық ақпараттық-ағарту штабының жетекшісі,
«Алтын сапа» сыйлығының иегері

ДӘРІГЕРДІҢ ДӘРЕЖЕСІ АРТАДЫ

Мемлекет назарынан тыс қала бастаған медицина қызметкерлерінің еңбегін бағалай білуді пандемия кезіндегі дағдарыс ұғындырды. Ел Президенті 1 қыркүйектегі Жолдауында дәрігер мамандығын материалдық тұрғыдан да нығайта түсу маңыздылығына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі дағдарыс кезінде қолға алынып жатқан бұл қолдау шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылмақ. Осылайша 3 жылдан кейін дәрігерлердің жалақысы экономикадағы орташа жалақыдан екі есе артық болады.

© Райхан РАХМЕТОВА

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кешегі Жолдауында «Коронавирус пандемиясы бар әлемдегі денсаулық сақтау жүйесі үшін ауыр сынақ болды. Бұл ахуал елімізде кәсіби дәрігердің тапшы екендігін анық аңғартты. Бұған еңбекақының аздығы, мамандықтың беделді болмауы, дәрігерлер құқығының қорғалмауы себеп болып отыр. Түрлі сала мамандары ішінде ең төмен жалақыны дәрігерлер алады. Сондықтан медицина қызметкерлерінің жалақысын кезек-кезеңімен өсіруді қолға алуды тапсырамын» деп атап көрсетті.

Жалақы – еңбектің күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін табыс. Оның мөлшеріне әсер ететін факторларға еңбек өнімділігі, еңбек қарқындылығы, еңбек күрделілігі және еңбекке деген сұраныс ұсыныстың арақатынасы жатады. Ал жалақыны анықтайтын негізгі факторларды жұмысшының қажеттілігін қанағаттандыратын тауар құны, оны мамандыққа оқытуға жұмсалған шығындар, оның отбасының өмір сүруіне қажетті заттар құны құрайды. Осы факторлардың

бәрі де халықтың денсаулығын сақтауға жұмылдырылған медицина қызметкерлерінің еңбегіне тән. Адам өмірін ажалдан арашалау үшін жүргізілетін күрестен артық қандай күрделі және өнімді, қарқынды еңбек керек? Ал мамандыққа жұмсайтын шығынға келсек, олардың жоғары білім алуға кететін уақыты мен қаражаты барлық саладан көп. Осындай факторларға қарамастан медицина мамандарының орташа жалақысы елімізде аса жоғары деп айта алмас едік.

Ашық ақпарат көздеріндегі мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда жалпы практикадағы дәрігерлер, терапевтер мен педиатрлар шамамен 117 мың теңге жалақы алып келді. Биылғы тарифтік өзгерістерден кейін айлықтары 152 мың теңгеге жететіні айтылған. Акушерлер, гинекологтар, педиатрлар, неонатологтардың жалақысы бұрын 106,164 теңгені құраса, тариф желісі өзгергеннен кейін 138 мың теңге болды. Ал шұғыл көмек көрсететін дәрігерлер және елімізде тапшы болып саналатын анестезиолог, реаниматологтардың орташа жалақысы 109 мың теңге болып келді, енді оны 141,5 мың теңгеге дейін өсірді. Психиатр, онколог,

гематолог, фтизиатрлардың да 101 мың теңгелік айлығы қазір 131,2 мың теңгені құрауы керек. Медбикелердің 76,3 мың теңгені құрайтын мардымсыз жалақысына 23 мың теңгедей айлық қосылады делінген. Ал медициналық кіші персоналдың орташа айлық табысы тіптен күлкілі. Олардың 49 мың теңгелік айлығы 64 мыңға көтерілді. Сарапшылардың айтуынша, денсаулық сақтау саласында ең көп

Әсел ЕСАЛИЕВА,
дәрігер реаниматолог:

«Жалақымызды аз да, көп те деп айта алмаймын. Себебі айлық өссе, сонымен қосарласа азық-түлік те, басқа да тұтынатын тауарлар бірге қымбаттайды. Сондықтан жалақының көбейтілгені білінбей қалады. Ал дәрігерлердің ішінде реаниматологтар жұмысы өз дәрежесінде бағаланбаған да, әлі де бағаланбай келеді. Жұмысы жеңіл емес. Ең ауыр науқастармен жұмыс істейміз. Сол еңбегімізге алатын жалақымыз татымайды. Жалпы, жалақының көлемі еңбек өтілі мен тәжірибесіне, сосын санатына байланысты болады. Бізде үш санатқа бөлінеді. Мен 10 жылдық тәжірибеммен қазір орташа есеппен 230-270 мың теңге қолға аламын. Бұл – негізгі жұмысыма қосымша кезекшілікке шығуды және басқа да зиянды



жұмыстарды қоса алғандағы табыс. Кейде 300 мыңға жетеді, бірақ бұл табыс тек 13-15 рет кезекшілікке шығу арқылы және алда-жалда сыйақы түсіп жатса ғана мүмкін жағдай. Алайда зиянды еңбек жағдайында жұрмесе де 2-3 есе көп алатын реаниматологтар да бар. Сондықтан дәл осы реаниматологтардың жалақысын есептеуде әділетсіздік кездеседі.

табыс табатындар – хирургтар. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2019-2020 жылдар ішінде олардың орташа айлығы 200 мың мен 446 мың теңгенің аралығында болған.

Мемлекет басшысы дәрігерлер мен СЭС қызметіндегі мамандардың жалақысын бийлдан бастап 2023 жылға дейінгі аралықта орташа жалақыдан екі есеге дейінгі көлемде өсіруді тапсырды. 2021-2023 жылғы республикалық бюджет туралы заң жобасында бұл шығындар қарастырылған. 247 мың медқызметкердің жалақысын өсіру үшін 2021 жылы – 222,3 млрд теңге, 2022 жылы – 361,7 млрд теңге, 2023 жылы 557,5 млрд теңге қажет.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой коронавируспен күресіп жатқан дәрігерлерге үстемақы төлеу 2020 жылдың соңына дейін жалғасатынын айтты. Биыл наурыздан шілдеге дейінгі аралықта бұл бағытқа 59,6 млрд теңге жұмсалды. Ал Президент бюджетті жақын уақытта нақтылау кезінде екінші жартыжылдықта медицина қызметкерлерін ынталандыратын қосымша төлем үшін 150 млрд теңге бөлуді тапсырды.

Жалақының өскеніне қарамастан мемлекеттік медицина саласындағы жағдай әлі де сын көтермейді дейді сарапшылар. Көптеген дәрігерлер жеке клиникаларда қосымша жұмыс істеп, табысын арттыруды ойлап жүр. Басқалары ББҚ, яғни биологиялық белсенді қоспалар сатумен айналысса, енді бірі қайтадан басқа мамандық алуға, бірқатары шетел асып кетуде. Әсіресе, мамандардың жалақысы 3-4 есе көбірек жеке секторға ауысу үрдісі қатты байқалады.

КӨШЕ САУДАСЫ ҚАРҚЫН АЛА МА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында қазіргі күрделі жағдайда басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу екенін атап өтті. Президент пандемияның зардабы шағын және орта бизнес саласына шын мәнінде ауыр тигенін айтып, осы саланы қолдау шараларына тоқталды.



Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатында сауда мәселелеріне арналған қоғамдық тыңдауларда мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Мираш Шекенов Президенттің аталмыш саладағы тапсырмаларын еске салды. Аталмыш жиынға қала

әкімінің орынбасары Малика Бектұрова қатысты.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында Үкіметке халықтың өмір сапасын жақсарту және әл-ауқатын арттыру бойынша нақты міндеттерді жүктеді. Соған сәйкес экономиканың шеккен зардабын еңсеру үшін 700 мыңнан астам кәсіпкерге салық жеңілдіктері

берілді. Төлем мерзімі кейінге шегерілді, несиені жеңілдікпен қайта қаржыландыру мүмкіндігі ұсынылды. Президент шағын және орта бизнеске қосымша көмек ретінде экономиканың зардап шеккен салаларындағы кәсіпкерлердің қазіргі барлық несиелерінің 6 пайызға дейінгі жылдық мөлшерлемесі бойын-

ша мемлекеттік субсидия беруді тапсырды. Субсидиялау Төтенше жағдай жарияланған сәттен, яғни биылғы 16 наурыздан бастап 12 айлық кезеңді қамтиды, – деді М.Шекенов.

Ұлттық банк көбірек зардап шеккен секторлардағы шағын және орта бизнестің айналым қаражатын көбейту үшін арнаулы бағдарламаны жүзеге асырып жатқанын айтқан депутат бұған дейін бұл бағдарламаны биыл аяқтау жоспарланғанын атап өтті. Бірақ Президент қазіргі күрделі ахуалға байланысты аталған бағдарламаны жүзеге асыру мерзімін 2021 жылдың соңына дейін ұзартуды және оның аясын кеңейтуді тапсырғанын жеткізді. Бұған қосымша 200 миллиард теңге бөлінетінін, сол арқылы бағдарламаның жалпы құны 800 миллиард теңгеге дейін жеткізілетінін айтты. Сондай-ақ шағын және орта бизнес саласындағы Президенттің басқа да тапсырмаларына тоқталды.

Елордада қала әкімдігінің қолдауымен «Көше саудасы: 1000 орын» бағдарламасының жүзеге асырылып жатқанына бірнеше жылдың жүзі болды. Оның аралық қорытындыларымен және қазіргі жағдайымен «SPKdevelopment» ЖШС директоры Ардақ Досанов таныстырды.

– Қала әкімінің хаттамасына сәйкес, комиссия шешімімен 2016 жылдан бастап көше саудасына 1069 жер телімі бөлінді. Соның ішінде 644-і кәсіпкерлік нысандар үшін берілді. Қазір 79-ы ресімделіп жатыр. Конкурсқа 79-ы шығарылады. Ал проблемалық 63 жер телімі бар. Пандемия кәсіпкерлерге ауыр тиді. Камантин болғанда экономикамыздың қозғаушы күші – шағын және орта бизнес

зардап шекті. Базарлардың, сауда үйлерінің, қоғамдық тамақтандыру орындарының жұмысы ұзақ уақытқа тоқтап қалды, – деді А.Досанов.

Оның айтуынша, төтенше жағдай уақытында сауда орындарын жалға алып отырған нысандар үшін төлем тоқтатылды. Мұның жалпы сомасы 16 миллион теңгеге жуықтады.

«Көше саудасы: 1000 орын» бағдарламасын іске асыру қорытындыларына қайта тоқталған баяндамашы қаланың сәулетін бұзбай, көркін кетірмеу сауда павильондарының бірыңғай стандарты әзірленгенін атап өтті. Келісімшартқа сәйкес шағын және орта бизнес өкілдері 434 жаңа павильон орнатты. Заңсыз сауданы жою үшін 2018 жылдан бастап QR-кодтар енгізілді. Ал былтырдан бері сауда жүргізуге арналған жер телімдерін жалға алу электронды аукцион арқылы жүргізілетін болды. Бұл телімдерді бөлудің ашықтығын қамтамасыз етті. Бұған қоса, Нұр-Сұлтан қаласының «Атамекен» кәсіпкерлік палатасымен бірге әлеуметтік осал топтарға жататын адамдарға сауда жүргізуге жер телімдерін бөлудің тәртібі әзірленді. Биыл оның саны 30-ға жетті. Қазір сауда павильондарын орнату жұмысы жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі күнде бағдарлама шеңберінде 1700 жұмыс орны құрылып, 1 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартылды. Сондай-ақ сүт өнімдерін өндірушілерге арналған павильондарды орнату жоспарланып отыр. Мұндай өнімдер ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге тікелей дөлдалдарсыз жеткізілмек. Бұл жоба «Үй жанындағы дүкен» деп аталады.

© Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ӨРТ СӨНДІРУ БӨЛІМДЕРІНДЕ ҚАНДАЙ ТҮЙТКІЛДЕР БАР?

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының алда өтетін кезекті сессиясында елордада табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланады. Кеше соған дайындық аясында депутаттар осы іске жауапты бірқатар нысандарды аралады. Соның ішінде Орталық саябақтағы орталық жағажай аумағындағы судан құтқару стансасына, бірнеше өрт сөндіру бөліміне барды. Осы кейінгі аталған нысандарда біраз түйткілдер анықталды.

Депутаттарға қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Бауыржан Сыздықов нысандарды таныстырып, жұмыс жайын баяндады. Ең алдымен қазір қалада өрт сөндіру бөлімдерінен үлкен тапшылық болып отыр. Оның айтуынша, елорда сияқты миллионнан аса тұрғыны бар қала үшін 30 осындай бөлім болуы керек. Бірақ қазір бар болғаны 11 бөлім ғана жұмыс істеп жатыр. Ал соның алтауында проблемалар жеткілікті. Олардың көбісі әбден ескірген. Материалдық-техникалық базасының жаңартылмағанына да біраз болды.

Мәселен, №16 өрт сөндіру бөлімінің ғимараты 1979 жылы салынған. Қаланың өндірістік аймағында орналасқан бұл нысанның электржелілері тозған, жөндеуді қажет етеді. Ғимарат орталық сумен қамту және су бұру жүйелеріне қосылмаған. Оған келу жолы да салынбаған.

№7 өрт сөндіру бөлімінің жағдайы да осыған ұқсас. Бірақ бұл нысан жақсы ауданда орын

тепкен. Маңайының бәрі – жаңа көпқабатты үйлер. Соған қарамастан, бөлімде судың болмауымен қатар орталық жылу жүйесі тартылмаған. Бөлім бастығы Асхат Құсайынов депутаттарға жанындағы үйлерден тиісті инженерлік инфрақұрылым тартылса екен деген тілегін жеткізді.

Жолдың салынбағанының салдарынан өрт сөндіруші көліктері діттеген жерге жету үшін уақытты жоғалтып жатады. Шаңы бұрқыраған, ойдым-ойдым жолмен асфальтқа дейін 700 метрдей жүреді. «Бұқар жырау көшесінен №44 көшеге апаратын жолдың құрылысын аяқтау керек. Одан кейін құрылысты «Саранда» тұрғын үй кешеніне дейін жалғастыру керек. Сонда жолда жүру уақытымыз орташа есеппен алғанда 5-10 минутқа қысқарады» дейді А.Құсайынов.

Елордада кейінгі жылдары салынған өрт сөндіру бөлімдері де бар. Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Бауыржан Сыздықов болашақта өртке

қарсы бөлімдерді осындай үлгімен салу керек деп есептейді. Соның алғашқысы – жергілікті бюджет қаржысына былтыр салынған өрт сөндіру бөлімі. Жақында ресми ашылуы жоспарланған нысанда жұмыскерлерге барлық жағдайлар

жасалған. Киім ауыстыру, жуыну орындары бөлек-бөлек орналасқан. Өрт сөндіру техникасы жаңа. Нысан ішінде жұмыскерлер тұруға арналған бөлмелер де қарастырылған. Отбасылы, бала-шағасы бар адамдарға екі бөлме, бойдақтарға бір бөлме беріледі. Бірақ олар үш жыл тұрған сон, бөлмелерін басқа жұмыскерлерге босатып беруге міндетті.

– Өрт сөндірушілердің әлеуметтік жағдайын осылай шешіп жатырмыз. Қолдан басқа ештеңе келмей тұр. Жалақы да аз. Өрт сөндірушінің жалақысы еңбек өтіліне байланысты 65 мың теңгеден басталады, – дейді Б.Сыздықов.

Жеті жыл бұрын ашылған №6 арнаулы өрт сөндіру бөлімі

Керей-Жәнібек хандар көшесінде орналасқан. Нысан республикалық бюджет қаржысына бой көтерді. Қазір Есіл ауданының әкімдігі де тиісті көмек беріп тұрады. Мәселен, бөлім аумағында спорттық алаң салып берді. Осы өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері тұрағын жатақхана да бар. Ол нысанның аумағында орын тепкен.

Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Бауыржан Сыздықов түйткілді нысандардың жақсартуға бюджеттен қосымша қаржы керек деп отыр. Мәслихат депутаттарының да көзі соған анық жетті. Бұл мәселенің шешілуі немесе шешілмеуі – алдағы күндердің еншісінде.





ЖАС ЖҰБАЙЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен «Отбасы – бақыт мекені» отбасы институтын нығайту жобасы іске қосылады. Бұл жобаның басты мақсаты – үш жыл бойы жастарға бақытты отбасын құрудың қыр-сырын үйрету.

«2023 жылдың соңына дейін мыңнан аса адамды мақсатты аудиториямен қамтуды жоспарлап отырмыз. Олар – жас отбасылар, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері. Сондай-ақ жас ата-аналар мен балаларды да қатыстыру жоспарда бар. Біз жастар, гендерлік, отбасылық саясат саласындағы білікті мамандарды шақырамыз. Сонымен қатар үлгілі отбасылардың өкілдері өздерінің құндылықтары туралы әңгімелейді. Балалар

құқықтары жөніндегі өкілдер, баланы жоспарлау және тәрбиелеу жөніндегі мамандар да тартылатын болады» деп атап өтті жоба кураторы, жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың өкілі Нұржан Парманов.

Жоба ауқымды бағдарламадан тұрады. Шара семинарлар, жас отбасыларға арналған онлайн-тренингтер, «Үздік жас отбасы» байқауы, бейнероликтер конкурсы, факультативтік сабақтар, жас аналарға арналған семинарлар

мен тренингтер, отбасылық марафондар сияқты жеті бағытты қамтиды.

Осы аптада бізде «Үздік жас отбасы» байқауы басталады, сонымен қатар отбасылық құндылықтарды насихаттайтын үздік бейнеролик байқауы өткізіледі. Спорттық марафондар да бастау алды. Қыркүйек айында жас отбасылар үшін арнайы семинар-тренингтер өткізіледі. Аналар үшін түрлі жанрдағы онлайн-курстар ұйымдастырылады. Мәселен, танымал аспазшылар өз шеберліктерімен бөлісетін болады.

Жобаға қатысу тегін. Сонымен қатар байқау жеңімпаздары мен белсенділер үшін сертификаттар түріндегі сыйлықтар қарастырылған. Үш жылдық жүлде қоры 4 миллион теңгені құрайды. Жобаға қатысу туралы барлық ақпаратты 8 702 837 32 49 нөмірінен, @ns.jastary инстаграм парақшасынан алуға болады.

КӨМІР ҚАЙДА САТЫЛАДЫ?

Елордада көмір сататын нүктелердің мекенжайы анықталды. Қалада күн сайын 20 мың тонна көлемінде қатты отын қоры қамтамасыз етілуде.



Қаладағы жеке сектор тұрғындарына жылыту маусымына алдын ала дайындалып, суық түскенге дейін қажетті мөлшерде көмір сатып алу қажеттігі ескертіледі.


Қалада көмір тасымалдайтын 7 компания, түрлі аудандарда орналасқан отын сататын 11 нүкте бар. Көмірдің орташа бағасы сор-

тына байланысты 12 мың теңгені құрайды. Отынның бағасы мен мөлшері туралы толық ақпаратты 109 жедел желі нөмірі арқылы білуге болады.

«Бүгінгі таңда қалада көмір сату бойынша 11 орын бар, онда жеті компания өз қызметін ұсынады. Аталған учаскелерде

көмірдің бағасы белгілі бір марка бойынша тіркелді, яғни басқарма және осы компаниялар бағаның өсуіне жол бермеу үшін меморандумдар жасады. Бізде күн сайын 20 мың тонна көлемінде көмір қоры сақталады. Әзірге дүрлігу жоқ, тұрғындарға көмір бірдей бөліну үшін көмір сатып алуды қазірден бастаған жөн» деп атап өтті қалалық «Отын-энергетикалық кешен және коммуналдық шаруашылық басқармасының» отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов.

Атап айтқанда, көмір сату нүктелері мына мекенжайлар бойынша орналасқан: Герцен, 4/1, 40-ст.; Герцен, 6 Б; Көктал, 28/1; Жұбанов, 35; Литейная, 44; Жабаев, 68; Мақат, 40.



ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы халыққа қызмет көрсету орталықтарында «Еңбек иммигранттарына рұқсат беру және қайта рәсімдеу» мемлекеттік қызметін ұсыну бойынша пилоттық жоба іске қосылды.

Бұл жоба «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» аясында, сондай-ақ көші-қон қызметінің мемлекеттік қызметтерін оңтайландыру мақсатында жүзеге асырылуда.

«Егер бұрын рұқсаттарды рәсімдеу кезінде жұмыс берушілер мен шетелдіктер Нұр-Сұлтан қаласы, Иманов көшесі 31 мекенжайы бойынша орналасқан Көші-қон қызметтері орталығына өтініш білдірсе, енді бұл мемлекеттік қызметті қаладағы 6 ХҚКО-дан алуға болады» делінген хабарламада.

Осылайша азаматтарға ыңғайлы болу үшін, көші-қон қызмет басқармасы Азаматтарға арналған «Үкіметтік мемлекеттік Корпорациясы» КЕАҚ келісімі бойынша, 16 маусымынан бастап С409 көшесінде (Сарыарқа ауданы) орналасқан Нұр-Сұлтан қаласының ХҚКО

филиалында еңбек иммигранттарына рұқсат беруді жүзеге асырады.

Сонымен қатар Мәңгілік ел, 30 үй (Есіл ауданы), Тәуелсіздік даңғылы, 32 үй (Алматы ауданы) және Абай даңғылы, 80 үй (Байқоңыр ауданы) мекенжайларында орналасқан қаланың 3 - ХҚКО-да осыған ұқсас жұмыс ұйымдастырылған.

Бұдан басқа ХҚКО-да шетел азаматтарының көп жиналуын болдырмау үшін 1 қыркүйектен бастап қосымша осы мемлекеттік қызметті Сауран көшесі, 7 үй (Есіл ауданы), Республика даңғылы, 43 үй (Сарыарқа ауданы) бойынша орналасқан 2 ХҚКО-да алуға болады.

«Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру және ұзарту» мемлекеттік қызметі мамандарға кедергісіз қол жеткізу арқылы электрондық кезек форматында ұсынылады.

111 БІРЫҢҒАЙ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Биыл қыркүйек айында 111 бірыңғай байланыс орталығы іске қосылады.

Орталыққа құқығы бұзылған, тұрмыстық зорлық-зомбылық көргендер хабарласа алады. Бұл туралы Орталық коммуникациялар орталығында «Өзіңді және жақындарыңды буллинг және кибербуллингтен қалай қорғауға болады?» тақырыбында өткен брифингте айтылды.

Айта кетсек, бұл байланыс орталығы 2016 жылдан бері жұмыс істей бастаған. Түрлі себептерге байланысты жұмысын тоқтатқан орталық биыл қайта іске қосылды.

«Бұл буллинг, кибербуллингке қарсы маңызды механизм. Оған тұрмыстық зорлық-зомбылыққа куә болған бала да, ересек те хабарласа алады. Орталық Қазақстан бойынша жұмыс істейді. Республикалық маңызы бар әр қалада өзінің кеңсесі бар. Қоңырауды операторлар, психологтар қабылдайды және бірден жергілікті полиция департаментіне байланысқа шығады» деді брифингте БҰҰ-ның адам құқығы бойынша сарапшысы Халида Әжіғұлова.



Әлемде жыл сайын 2 миллиард тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылады. Ал Қазақстанда көп жылдан бері қордаланған қоқыстың мөлшері 150 миллион тоннадан асыпты, ол жыл сайын 6 миллион тоннаға ұлғайып отырады. Бүгінде бұл жайт еліміз үшін аса күрделі мәселелердің біріне айналды.

© Дәулет АСАУОВ

Ресми дерек бойынша, республикада соңғы жылдары 1,5 мың заңсыз күлтөкпе жойылған екен. Алайда әлі 6 мың заңсыз күлтөкпе қалған. Ал рұқсат етілген 3,5 мың полигонның тек 17,7 пайызы ғана экологиялық және санитарлық талаптарға сай келеді. Олар токсиндер бөліп, топырақты, ауаны, суды аяусыз ластап жатыр. Бұл адам денсаулығына орасан зор қауіп төндіруде.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев қалдықтарды басқару ісі Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасына сәйкес қалдықтарды басқару ісі министрліктің басым міндеттердің бірі санатына енгізілгенін атап өткені есімізде. Ол жақын жылдары Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шымкент және Тараз қалаларында қоқыс жағатын зауыттар салынатынын жеткізді. Аталған тұжырымдама бойынша елімізде қалдықтарды өңдеу үлесі 2030 жылы 40 пайызға, 2050 жылы 50 пайызға жетуі тиіс. Қазіргі күні 204 қалалар мен аудандардың 51-інде қалдықты бөліп жинайды, 30-ында сұрыптайды.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап еліміздегі полигондарда пластмасса, пластика, полиэтилен, полиэтилен-терефталат қапшықтарын, макулатура, картон және қағаз қалдықтары, құрамында сынап бар шамдар мен аспаптарды, қорғасын-күшкылды батареяларды, электронды және электр жабдықтарын, түрлі түсті және қара металдарды көмуге тыйым салынған. Бірақ көпқабатты үйлерден шығатын қалдықтардың тек 1 пайызы ғана сұрыпталатындықтан, қоқыс жәшігінде олардың бәрі араласып кеткен. Қалдықтарды арнайы жәшіктерге бөліп салуға көпшіліктің мойны жар бермейді. Соның салдарынан тыйым салынған заттар күлтөкпеде ыбырсып жатыр. Ал еліміздегі макулатура өңдейтін «Алматықағаз» бен «Карина» компаниялары ай сайын қажетті 7 тонна шикізаттың 1 тоннасын Ресейден алдыруға мәжбүр.

Республикада қалдықтарды өңдейтін 160 кәсіпорын бар. Олар қағазды, шыныны, резинаны, алюминий мен қаңылтыр банкаларды қайта өңдеумен айналысады. Тұрмыстық қалдықтар, тиісінше сұрыпталмауы салдарынан, олардың қай-қайсы шикізат тапшылығын сезінуде. Отандық кәсіпорындар макулатурадан қораптар, әжетхана қағазын, қағаз сүлгі жасайды. Полиэтилен пакеттерден – пластик құбырлар, нейлон жіптер, қаңылтыр банкалардан – ыдыс-аяқ, резинадан шланг өндіреді.

ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ: ЖАПОНИЯ

Жапонияда тұрмыстық қатты қалдықтардың 90 пайызы өңделеді. Әйтсе де осыдан 40 жыл бұрын куншығыс елі қоқыстың астында қалғанын бұл күнде біреу білсе, білеу біле бермес. 80-жылдардың басында Жапонияда экологиялық проблема бірінші кезекке шықты. Ел экономикасы қарқынды дамыған сайын кәсіпорындар саны мен олардан шығатын өндіріс қалдықтары күрт өсті. Салыстырмалы түрде алғанда көлемі жағынан аумағы онша үлкен



ҚАЗАҚСТАН ҚОҚЫСТАН ҚАЙТСЕ ҚҰТЫЛАДЫ?

емес мемлекетте жылына 450 миллион тонна қалдықтар шығарылатын еді (естеріңізге салайық, Қазақстанда жылына 6 миллион тонна қалдық шығады-авт). Мұндай орасан мол қалдықтарды үйетін орын табу көкейтесті мәселеге айналды. Сондықтан жапон үкіметі қоқыспен күресуге бар күш-жігерін салды.

Соның арқасында бүгінде Жапония әлемдегі ең экологиялық таза елге айналды. Бұл елде қатты тұрмыстық қалдықтарды саралап бөліп жинау және оларды өңдеу өте жоғары деңгейге көтерілген. Ел заңы азаматтарды қоқысты сұрыптап жинауға міндеттейді, сондай-ақ тұрғындардың азаматтық саналылығы куншығыс елін осы дәрежеге жеткізіп отыр.

Мәселен, астанасы Токио – әлемдегі тұрғындары аса тығыз қоныстанған қалалардың бірі. Қаланың әр ауданында қоқысты сұрыптау, жинау ережесінің бірі-бірінен айырмашылығы бар. Тек ортақ бір мәселе – қай ауданда да тазалыққа, экологияны қорғауға аса мән берілген. Қоқыс өңдейтін және өртейтін зауыттарға қалдық тиелген көліктері әрбір 10-15 минут сайын тоқтаусыз кіріп, жүктерін түсіріп кетіп жатады. Ал ондай зауыттар заманауи өте жоғары стандарттармен жұмыс істейді. Елде қоқыс өртейтін, өңдейтін және ірі көлемді немесе техникалық күрделі қалдықтарды өңдейтін зауыттар көп. Олар тіпті көп шоғырланған аудандарда, қала ортасында да орналасуы мүмкін. Бірақ білмейтін жұрт бүгін зауыттардың мұршасынан түтін «шықпайтынына» қарап, олар жұмыс істемей тоқтап тұрған шығар деп ойлауы мүмкін. Бірақ түтін шығатын мұржалардың аса көп көлемде жоғары технологиялық сүзгілермен жабдықталғаны соншалық, зауыттар бар қуатымен жұмыс істеп тұрғанның өзінде олардан түтін шығып жатқаны көрінбейді.

Қоқыстармен күрес жүйесі тек ірі қалаларда ғана емес, кішігірім қалашықтарда да, шағын елді мекендерде де мүлтіксіз жұмыс істейді. Мәселен, Жапонияның кішігірім Камикацу таулы аймағының тұрғындары тұрмыстық қалдықтарды түгелдей өңдеп, екінші қайтара пайдаланады. Мұнда қоқыс 34 түрлі санатта сұрыпталатын еді. Ал 2020 жылдан бастап елді мекен тұрғындары полигондардан толықтай бас тартуға шешім шығарған. Олар бұған

қалай қол жеткізіп отыр? Ең бірінші, қоқыс тасымалдаушы техника мен контейнерлерден бас тартқан. Әр отбасы өз қоқыстарының кәдеге жаратылуына өздері жауапты. Үйлері шашыраңқы орналасқан таулы аймақта қоқысты әдеттегі тәсілмен жинау экономикалық тұрғыдан тиімсіз болды. Сондықтан елді мекеннің ортасына үйлестіру орталығын ашты, онда әркім өздеріне қажет емес затты басқа біреудің затына айырбастап ала алады. Қалдықтарды жою үшін бөлінген қаржыны муниципалитет тұрғындарға көңді қордалау және азық-түлік сатып алу үшін лотерея билеті немесе ваучер ретінде беретін болды. Егер 2010 жылы қайта өңделетін қалдықтар 55 пайыз болса, бүгінде ол 90 пайызға жеткен.

Жапонияда егер заңды тұлғалар полимер қалдықтарын өздері сұрыптаса немесе өңдесе, салықты анағұрлым аз төлейді. Жеке тұлғаларға коммуналдық қызмет төлемі бойынша басқа да жеңілдіктер қарастырылған.

ФИНЛЯНДИЯ

Скандинавия жерінде қоқысты өңдеу жалпыұлттық сипат алған, бұл елде 99 пайыз қалдық өңделеді. Дизайнерлік киімдерді ескі желкендерден, ыдыс жуатын шетқаларды пластик пакеттерден, ауылшаруашылық тұянайтықшытарын батареялардан, түтіндік өңешін күл-қоқыстан жасайтын озық технологиясы бар

картонды, шыныны, металдарды, пластикті бөліп жинау түрі де ұйымдастырылған. Финляндияда муниципалитеттер қоқыс жинау ісіне тікелей жауапты. Батареяларды кез келген тұрмыстық дүкендерге өткізуге болады. Жиһаз, құрылыс материалдары, электр жабдықтары арнайы орталықтарға жөнелтіледі. Тұрмыстық қалдықтарды қабылдайтын пункттердің үйге жақын орналасуы ескерілген, олар әр аулада дерлік бар.

ШВЕЦИЯ

Бұл елде қалдықтардың 96 пайызы өңделеді. Сондықтан мұнда тұрмыстық қалдықтар мүлдем тапшы. Қазір шведтер оны басқа мемлекеттерден сатып алуға мәжбүр болған. Норвегиядан жылына 800 мың тонна қалдық сатып алуға тілек білдірген.

Мемлекет халқы қолданыста болған бір пластикті жеті рет жаңартып, қайта пайдалануға болатынын біледі. Осыдан кейін ол электр стансасына өртелуге жіберіледі де, электр қуаты ретінде іске асырылады. Қоқыспен Стокгольмнің 45 пайыз электр энергиясы қамтамасыз етіледі.

Әр отбасында түрлі қалдықтар – пластика, қағаз, шыны, картон, металл және басқалары үшін 6-7 шелектен бар. Тіпті Стокгольмде кішкентай баланың өзі кәмпиттің қағазын басқа контейнерге тастамайды. Балабақшаларда және мектептерде

10 адамнан тұратын кеңсе қызметкерлері бір жылда бір тоннадай қағаз қалдықтарын жинайды. Егер осы шикізатты қайта өңдеп, екінші рет пайдаланса:

- 10 ағашты сақтайды (100 кг макулатура 1 ағашты сақтайды);
- 20 000 литр суды үнемдейді;
- 1000 кВт электр энергиясын алуға болады;
- Қоршаған ортаға зиянды CO2 қалдықтарын азайтады.

елдің бірі – Финляндия. Оның 41 пайызы екінші қайтара қолданылған қалдықтардан жасалып, қалған 59 пайызы өртеліп, энергия мен жылу көзі ретінде пайдаланылады. Жаппай қоқыс өңдеу ісімен айналысатындықтан, елде кейінгі жылдары 2000 күлтөкпе жабылған. Хельсинкиде бастана саны 20 пәтерден асатын ғимараттардың бәрінен қоқысты әдеттегідей тәсілмен де, органикалық заттарды, қағазды,

қоқысты дұрыс сұрыптауға үйретеді. Теледидар, диван, құрылыс материалдары сияқты көлемі үлкен заттар арнайы стансаларға тасымалданады. Оларды сол жерде бөлшектеп, тауар өндірушілерге сатады. Бояу, қышқыл және басқа зиянды заттар тұрмыстық химияны өңдейтін зауытқа жіберіледі. Қоқыс жерасты дәлізі арқылы жеткізіледі.

Шведтер ғимараттарды да мұқият бөлшектеп, құрылыс материалда-



Республикада қалдықтарды өңдейтін 160 кәсіпорын бар. Олар қағазды, шыныны, резинаны, алюминий мен қаңылтыр банкаларды қайта өңдеумен айналысады. Тұрмыстық қалдықтар, тиісінше сұрыпталмауы салдарынан, олардың қай-қайсы шикізат тапшылығын сезінуде. Отандық кәсіпорындар макулатурадан қораптар, әжетхана қағазын, қағаз сүлгі жасайды. Полиэтилен пакеттерден – пластик құбырлар, нейлон жіптер, қаңылтыр банкалардан – ыдыс-аяқ, резинадан шланг өндіреді

рын бірнеше қайтара пайдалана береді. Еуропаның басқа көптеген елдері сияқты елде қаңылтыр және пластик құтылар ақшаға өткізіледі. Мерзімі өткен дәрі-дәрмек дәріханаға тапсырылады. Онда шприцтер мен инелерді де қабылдайды.

Шведтер осы ісі арқылы ел ішін қоқыстан тазартып қана қоймай, оны залалсыз өңдеу тәсілін меңгерген. Қоқыс өртейтін зауыттардағы жаңа технологиялардың арқасында өңделетін заттардан атмосфераға шығарылатын зиянды қалдықтар тек 1 пайызды ғана құрайды.

ТҮЙІН. Швецияда қалдықтың 30%-ы – қайта өңдеп жабдықтар жасау, 10% – компостілеу, 50% – электр энергиясын өндіру үшін жаратылады. Тек 4%-ы ғана көміледі екен.

Германияда тұрмыстық қатты қалдықтарды бөліп жинау 1990 жылдары бұқаралық сипат алған. Бұл елде тұрмыстық қалдықтың 48%-ы қайта өңделеді және 34%-ы өртеледі.

Голландия мемлекеті қоқыспен күресте басқа елдерге үлгі деуге боларлық. Бұл елде қалдықтардың түгелдей өңделіп кететіні соншалық, күлтөкпе жоқтың қасы. **Сан-Францискода** (АҚШ) қалдықтардың 75%-ы, **Каппанориде** (Италия) – 85%-ы, **Люблянде** (Словения) – 61%-ы, **Толоседа** (Испания) – 77%-ы қайта өңделеді.

Әлемде **Сингапур** да тазалығымен ерекшеленеді. Сингапурда жерге темекі тұқылын тастаған адам орташа айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айып төлейді. Және айыппұл төленгенше оның өсімақысы тежеусіз өсе беретін болады.

Англияда да қалдықтардың бәрі дерлік өңделеді. Қағаз, шыны, пластмасса, батарея, т.б. бөлек-бөлек сұрыпталады. Арнайы контейнерлерге ескі киім-кешек, ойыншық, тұрмыстық техника жиналады.

Ресей – бұл салада балыққа батқан мемлекеттің бірі. Бұл елде қалдықтарды өңдеу үрдісінде өркениетті елдердің жұрнағы да жоқ. РФ-да қатты тұрмыстық қалдықты жинайтын 14000 күлтөкпе бар екен. Оның аумағы 4 миллион га алып жатыр (салыстыру үшін: Кипр аралдарының аумағынан 4 есе үлкен). Оған қоса ғарышты бақылау тәсілімен тексергенде 60000 заңсыз күлтөкпе анықталған. Олардың көпшілігі өз-су қорғау аймақтарында орналасқан. Мұның бәрі экологияға зор зардаптарын тигізіп отыр.

© Айгүл УАЙСОВА

Қазақ, өзбегі аралас ауыл болатын. Бір күні түс ауа ауылдың шетіндегі ауласы ашық-шашық, құлағалы тұрған ескі үйдің жаман кемпірі өліп қалды. Марқұмның үйі тола тасырлаған, берекесі жоқ, еркек бала болатын, шетінен жұмыссыз, кержалқау, бірі түрмеде отырып келген, бірі араққұмар дегендей. Мұндай байғұстардан не үміт не қайыр деген болар, өзбек молда өлікті кешкісін көміп тастайық депті. Қазақ молда: (менің танысым) «Жоқ, болмайды не болғанда да қазақтың кемпірі, жоқ-жітік болып ағайынынан ажырап қалған шығар, руластарына хабар берейік» дейді. Содан кемпірдің қазасын естіген қашықта тұрып жатқан рулас-аталастары жетіп келеді. Олар көршілеріне айтып, тез арада үйді тазалап, есіктің алдын жинатып, марқұмды оң босаға қояды. Мал да сойылады, дастархан да жайылады.

Өмірінде мұндай ықылас көріп, ағайын түгіл көршімен араласпаған жабайы ұлдары қымсынып, адам қалпына келіп, есіктің алдында тізіліп тұра қалып, қолдарына таяқ ұстап анасын жоқтайды. Мына көрініске ауылдастарының да іштері жылып, аналарын шын жоқтап тұрғандарға көңіл айтып, көздеріне жас алады. Сол жолы екі молда екі жақтан кемпірдің ұлдарына жеткізіп уағызын айтып, оларды ағайындарына тапсырып, «ендігі жерде сіздерге сын, ет жақын болмаса да қаны бір бауырларың» деп салмақ тастайды.

Қазақтың болмысын біліп, намысын оятқан молдекеңдікі дұрыс. Өзгенің айтқанына салып, кемпірді өлген кешінде көміп қойса не өзгерер еді? «Ағайын-туыстың бары бір өлік, бір тойда» дейтіні тағы бар. Жоққа риясыз қамқорлық, қатарына қосып кемшілігін түзеп жақсыларға теңелуіне де осындай оқиға әсер етеді. Намысты ағайындары да жерге қарап қалған жоқ. Төпсе темір үзетіндер емес пе, олардың да көкірегіне сәуле түсіп, көптің көмегімен қатарға қосылып, бастары бүтінделді.

Осы күні жасы-кішісі жарысып «қол жайғандар» әлеуметтік желіде қаптап жүр. Ватсабына мың теңгенді бір саларсың, екі саларсың одан кедейліктің қамытынан құтқаратынына сенімің бар ма? Жаныма батып кететіні – осы кедейліктен ұялмайтын, өздерін өзі бүтіндеуге тырыспай бөтенге алақан жаюға еттері үйреніп

ӨЗІМІЗ ЕМЕС, ӨРЕМІЗ КЕДЕЙ

Осы күні ғалымдар кедейліктің барша адамзатқа қатері туралы айтып жүр. Адамның тұрмысы нашарлап, бакуаты кеміп, жасампаздық қасиетінен айырылғанда тұлғалық кейпінен де дым қалмайды екен. Осы орайда, кедейліктен алып-шығатын жақындарының қамқоры, еңбектің рөлі, ыстық қайраттың жөні туралы сөз еткелі отырмыз.



қалғандардың көбейгені. Қазақ болған соң осылардың артында бірге туған-туыстар, ағайын-жегжаттары, әрі кетсе руластары бар. Әншейінде мен пәленбаймын деп көкірек соққанда жақсымыз. Біреуге итеріп салмай, арадан шыққан бір бейшараның жағдайын түзеп, тура жолына түсіп кетуіне осындайда неге қол ұшын бермеске?!

Осыдан біраз жыл бұрын, елімізге сырттан көшіп келген белгілі жазушымен сұхбаттас болдым. Әңгіме кедейшілікпен күрес жағына қарай ұласқанда, Қытайда құрамындағы елу ұлтты кедейшілік көрсеткішімен салыстырып отыратын айтты. Сондағы қазақтар жаман атқа ілікпес үшін, сүйекке таңба деп кедейлікке түскенінің екі қолына күрек беріп, тұрмысының жақсаруына барынша жағдай жасайды екен. «Біз кедейі жоқ қазақпыз» деген сөзді зор мақтанышпен айтып еді.

Қазіргі күні «сұраушылардан емес, берушілердің қатарынан ете гөр» деген сөздің мағынасын

жадымыздан шығарып алған сияқтымыз.

Жап-жас болып алақан жаюға ұялмайтын болдық, егер көшеге шыққандардың естиярлары болса, қой деп тоқтатпайтын болды. Қайта, жан-жағын жұлып жеп, екпіндеп тұрғанның әрекетін дәріптеп, одан сайын отқа май құюға етіміз үйреніп барады. «Сенікі жөн, жыламаған балаға...» деп арқасынан қағып қоямыз. Намысты елдің ісі осы ма?! Шашын жайып, жылап еңіргендердің соңына еріп, құрдымға кетіп бара жатқан жоқпыз ба?!

Адамзатқа берілген еңбек ету атты қабілетінен айырылғанның басы осы болар. Еңбектің не екенін білмеген халық деградацияға түсіп, ақырында өркениетке қолы жетпей, біреудің есігінде қалмай ма екен?!

Бізде «капиталша» айтсақ, адамды адам еткен еңбек деген сөздің қасиет-қадірі неге жоқ. Маңдай терімен нан тауып, жер қазып, дөңегіп жүргендерге миығымыздан күліп қараймыз. Мына даланы малға толтырып, жемісін жеймін

дегендерді жынды көреміз. Билікте жылағанның аузына емшек тосып, үнін шығармауға бейім, ал қолыңа қармақ берейін дегенде суырылып шығатынымыз бар ма?

Ер-азамат осыдан жиырма шақты жыл бұрын қара базарларда арба тасып жүруші еді, әлі де көбінен сол арбасын ешкім қолынан алмаған болар. Қазіргі еркектің жұмысының ең төресі - есік күзеткен қарауылдық болып қалды. Егер денсаулығында кінәрат болып, бұрын ішкі істер органдарында қызмет етіп зейнетте ермек болса, сөз жоқ. Кейде кірген есігіміздің босағасында отырып, төбеңнен қарап сөйлейтіндерге намысың келеді. Жасыңда талпынып игілікке қол жеткізбегеннен кейін босқа өткен өмір-ай дейсің.

Еңбек дегеніміз не, етікші болсаң да кәсіпінді жақсы білсең, сені сол асырайды. Қолыңнан келетін бір істі барынша жігеріңмен орындап, соның маманы болсаң, еңбек нарығында орның бар. Одан қалды басыңыздың жеке қасиеттері артып, адал болып, адамдармен тіл

табысып, ұжымда бірлесіп еңбек ете білсеңіз де, көштен қалмайсыз.

Бұдан да басқа адамды адам ететін қасиеттерден жұрдай болсаңыз, оны отбасында көрмесеңіз, өмірдің сынақтары сабақ болмаса, болашағыңыз бұлдыр, кісіге сүйкіміңіз қалмай, көшеге алақан жайып шыққаннан басқа амалың қалмайтынына сеніңіз.

Кедейлік өреде болса, жан баласы байыта алмас. Қазіргі әліппеде бар ма, жоқ па білмеймін. Бұрын біз оқыған кітапта мынадай тәмсіл бар еді. Жалқау баласына әкесі ашуланып ақша тап деп жібереді. Саландып бос келген баласына жаны ашыған шешесі қалтасына ақша салды. Міне, тапқаным деп оны әкесіне береді. Әкесі баласының қолындағы ақшаны алып отқа тастап жібереді. Екінші күні де шешесі берген ақша отқа жанады. Үшінші күні баласы өзінің тапқан тиынын отқа тастаған әкесіне қарамай, жанып жатқан жалынға қолын күйдірсе де ақшасын суырып алыпты. Сонда ғана әкесі баласының маңдай терімен тапқан ақшасы екенін сеніп, батасын берген екен.

Маңдай термен келген дүниенің берекесі бар.

Сөз соңында: Бірде мешіттің жанында бір келіншек бір баласын шанаға салып, жасөспірім болып қалған екінші қызын қасына алып, өткен-кеткеннен садақа сұрап тұр екен. Мен де жанына жақындап, мына суықта неғып тұрсың, балаларды ауыртасың ғой деп ұрысқан болдым. Байқаймын, есі кіріп қалған кыз намыстан жарылардай болып тұр. Жүрегім ауырып кетті. «Айналайын, сабағыңды жақсы оқысаң, дүниенің бар байлығына қолың жетеді» деп иығынан құшақтап, арқасынан қақтым. Қолына садақа емес, сыйлық деп ұстаттым. Сосын анасына: «екі баланы сүйрелемей, өзін тұрсаң да бұйырғанын аласың ғой, екінші рет осы жерде балаларыңмен қайтып сұрағаныңды көрсем, балалар құқығын қорғайтын орындарға хабарласамын» деп қорқытып қойдым.

Ондағым, екі көзі мөлдіреген жасөспірімді еріксіз қинап, қайыршылыққа үйретпесін дегенім еді. Әйтпесе, балалар құқығын қорғайтын органның бар-жоғынан өзім де хабарсызбын. Менің әрекетім «кедейшілікке» алып келетін жолдан итергенім ғана. Бұл жолдың төрге шығармайтынын түсінсе, өз күшіне сеніп, тығырықтан шығатынына сенімдімін.

ӨКПЕМІЗДІ ҚАҚТЫРУ КЕРЕК СИЯҚТЫ...



Бас ауырса тәуіптерді
Алып келіп бақтырарсың.
Жын-белекет қашты деп
Өкпеменен қақтырарсың.
Жақсыдан тұмар алып

Мойныға тақтырарсың,
Тура құрық салған болса
Дертке шипа табылар ма?
Шортанбай жырларын оқи
Отырып, өкпенің де емдік қасиеті

болған екен-ау деген ойға кеттім. Бүгінде мұндай ем жасайтындар жоқ шығар, түймедей дәріге табынып отырған кезіміз ғой. Десе де, арасында өкпемізді қақтырып тұрғанның зияны жоқ-ау. Мен өзіміздің «өкпеміз» туралы айтып отырмын.

Жақында карантиннен аман шыққан апамыз телефон шалды. Сөз арасында «бір туысым қалайсыз деп хабарласпады» деп мұңын шақты. «Қап-ай, халін білуге тиістінің бірі мен едім ғой» деп, ішім қылп ете қалды. Апамыздың жақында-рынан қолдау күтетінін естен шығарып, өз басымызбен болып кетіппіз. Сол кезді ойласам, ауа жетпегендей өзімің де өкпем қысылады. Бір жақынымызды жер қойнына беріп, енді бірі бір жұтым ауаға зар болып жатқан

кезі. Сондай қимасымыздың сырылдаған үнімен зорға айтқан «риза болыңдар» деген жазбасы келгенде шошып кеттік. Дереву ағайын-туғанмен хабарласып, жағдайға араластық. «Не болды?» «Тірлік болған соң деп» ақталып жатамыз, бір туысымен арасында ала мысық жүріп өткенін білетінбіз. Болмас деп сол ағайынымен сөйлестім, «осылай да осылай». Дауға қиса да, ажалға қиятын ба еді, дереу ол да хабарласып, бәріміз жабылып іздеп жүрген керек дәрісін де өзі тауып берді. Бұл әрекет аурудан қалжыраған туысымының да көңіліне үміт беріп, «өкпем кетті, енді жазылатын шығар» деген жазбасы келді. Шүкір, қазір бәрі жақсы.

Жақында тағы бір құрбым телефон шалды. «Басқаны кешірсем де оны кешірмейтін шығар-

мын» деп ит жылында біреуге кеткен өкпесін айтты. Үндемей тыңдап отырмын. Қандай ауыр. Иә, өкпеден ауыр нәрсе жоқ екен. Қойнымызға тығып алып, көздің қарашығындай сақтап жүрміз. Лақтырып тастау ойда жоқ. Есесіне қайта-қайта үрлеп, санадан кетіп бара жатқан қалпына жан бітіріп қоямыз.

Әрине, әркімнің өз өкпесі өзіне. Алайда алдымызда күз келеді, тағы да кесел айналып соғып, әлсіз жеріміз өкпеден соға ма деген қорқыныш та жоқ емес. Құдай шипасын бермеймін десе, өткен маусымда шияттей қырылғандардан жанымыз артық емес. Ендігі жерде бұл тірлікте жинап алған «өкпемізді» өтерімізде алып кетпейік. Өкпеміз жеңілдесе, кім біледі, өкпенің дерті де айналып өтер.

КӨКЕЙІНДЕ КҮЛТЕГІННІҢ ЖАЗУЫ

© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Ақсұңқарұлының жырларынан дала дидары айқын көрініп, ата-бабаларымыздан дарыған Алаш рухы атойлап тұрады. Ақын соны өлең тілінде шебер, нанымды кестелей біледі. Бұған шайырдың «Көкейімде Күлтегіннің жазуы» атты жинағын оқығанымызда тағы көз жеткіздік. Мұндағы өлеңдер бір оқыған адамға пафос болып көрініп қалуы мүмкін. Алайда артық сөзі жоқ, қаламнан төгіліп түскен шумақтарда шындық жатқанын аңғарасыздар.

Дала десең жарқ етер
Даңқым! –
Деген бір өлең.
Дала десең жарқ етер
Халқым! –
Деген бір өлең.

Мархабатым шығар-ау,
Махамбеттің туғаны.
Ер ұлдарым болмаса –
Ез екем деп жүрер ем!

Дала десең жарқ етер
Сұлулық! –
Деген бір өлең.
Дала десең жарқ етер
Ұлылық! –
Деген бір өлең.

Арман шығар даламда
Абайымның туғаны.
Абайларым болмаса –
Ақымақпын! – деп
жүрер ем...

Тарих стадионы – дала!
Тәні – қан-жоса!
Жалт қарады ұлына
Ол көгін тұман торласа.
Батырлары болмаса –
Қорқақ бүкіл адамзат...
Ақымақ бүкіл адамзат –
Ақындары болмаса!
Өз басым бұл өлеңді ә де-

геннен оқи бастағанымда, кең сахара көз алдыма елестеді. Ауылымдағы көк шалғынға оранған шет-шегі көрінбейтін далаға сағынышым оянды. Бірақ өлеңнің соңғы шумағына келгенде, кеудемді мұң басты. Қазақтың даласы небір алапаттарды көрді ғой... Кешегі жаугершілік заманда бір қарыс жерді жауға бермеймін деп арпалысқан батырлар болмаса, ұлттың теріс мінездерін сылып тастауға тырысқан Абай секілді, ханға қасқайып тұрып сөз айтқан Махамбет сияқты ақындар болмаса, қазіргі байтақ жерімізге ие бола алмас едік.

«Абай – Алаштың ренгені» дейтін Ақсұңқарұлы да хакімнің тәлімі мен үлгісін ұстанады. Ол да өлеңдері арқылы қазақты мерездей жабысқан дертінен айығуға шақырады. Махамбет сияқты өткір айтып тастайды. Қылыштай тілімен осып жібереді.

Жау күйініп,
Дос сүйініп қарасын,
Ғажап бүгін,
Кез жер-көктің арасын.

Қазақ тілін тастап көшкен
жұртыңа,
Азаттығым, қайда жөнep
барасың?!

Жігер болса жетенде
hәм ділінде,
Енді ілесе қоймасың
жат ілімге.
Азаттығым, көтеріліп
аспанға,
Сен сөйлейсің қашан
қазақ тілінде?

Ауыл көшті алтын
бекет қала деп,
Жүрегімде наза да көп,
нала көп.
Азаттығым, аспанға ұшсаң
самғай ұш,
Қазақ тілін қоса өзіңмен
ала кет!



Қазақ әдебиеті түбі бір түркі жұртына ортақ Күлтегін жазуынан тамыр алады. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері, тұрмыс-салт жырлары, батырлық дастандар, жыраулық поэзия, зар заман ақындары, ұлы Абай салған сара жол – соның бәрі жинақтала келе, қазіргі кез келген елдің әдебиетінен бір мысқал да кем емес ұлттық әдебиетті тудырды. Бірақ кез келген қаламгер ұлттық ақын немесе ұлттық жазушы бола алмайды. Ол үшін ғасырлар бойы қалыптасқан өз ұлтының сөз мәйегін, тіл құнарын бойға сіңіре білу керек. Ондай қаламгерлер бізде бар. Соның бірі де, бірегейі де – арқалы ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Ақсұңқарұлы.

Жау күйініп,
Дос сүйініп қарасын,
Ғажап бүгін:
Кез жер-көктің арасын.
...Қазақ тілін тастап
көшкен жұртыңа,
Азаттығым, қайда жөнep
барасың?!

Ал енді ақынның «Қайда ұшып барасың?» атты бұл өлеңінде айтылғаны өтірік пе?! Туған тілің тұғырына нықтап қонбай тұрса, ел азаттығы үшін алаңдауға негіз бар. Ұлт тілінің мәйегі ауылда ғой, қалаларымыздың көбісі әлі орыс тілінде шүлдірлеп тұр. Жұрт ауылдан қалаға көшіп жатыр. Шаһарда дүниеге келген ұрпақ та бөтен тілде сөйлеп барады...

Жалпы, Ақсұңқарұлының «Көкейімде Күлтегіннің жазуы» атты бұл жинағы екі бөлімнен тұрады. Соның бірінші бөлімі «Кириллица – ет жақыным, жатым да...» деп аталады.

Кириллица – ет жақыным,
Жатым да,
Жан тартпаған мендей
бөтен ақынға.
Қашан көшіп қасиетті
латынға,
Айтам осы Алаш-анам
хақында?

Бодан елдің ақыны
боп алғасып,
Ессіз заман –
Егеменмен алмасып; –



Бұл – ақынның қара басының мұңы емес. Қазақ әдебиетін өзіміз қанша мақтасақта, әлем оқырмандары ақын, жазушыларымыздың шығармашылығын білмейді. Қаламгерлеріміздің туындыларын шетел тілдеріне аудару енді ғана қолға алынды. Осы іс баяғыда басталса, әлем қазақты әдебиетімен де танып алар еді

«Жиырма сәті ХХ
ғасырдың»,
Кириллицада қалып
қойды

Шаң басып...

Өмірім де, өлеңім де
дау әлі.

Басым кейде Батыс жаққа
ауады:
Не болады ағылшындар
оқыса,
Мен Арқада жүріп
жазған «Хауаны?...».

Тәңірі бұлбұл ұялатып
таңдайға,
Қанша мәрте неше қилы
салды ойға.
Мен түгілі Мағжан қалып
бара ма?!
(Жазылғаны осы болды
маңдайға).

Бірге қонып – гүлге қонған
арамен,
Арудың да қолаң шашын
тарап ең.
Құрлықтар мен
мұхиттардан өте алмай,
Жанымдағы жапонға да
жете алмай,
Кириллицада қаласың
ба, қара өлең?

Бұл – ақынның қара басының мұңы емес. Қазақ әдебиетін өзіміз қанша мақтасақта, әлем оқырмандары ақын, жазушыларымыздың шығармашылығын білмейді. Қаламгерлеріміздің туындыларын шетел тілдеріне аудару енді ғана қолға алынды. Осы іс баяғыда басталса, әлем қазақты әдебиетімен де танып алар еді.

Сөзіміздің басында
біртұтас ұлттық әдебиет

туралы да бекерден-бекер әңгіме қозғамадық. Жауһарларымыз жиырмасыншы, жиырма бірінші ғасырда ғана емес, тым әріде жатыр. Мәселен, хандық дәуірден бері қарай тартқанда, Асан қайғы, Ақтамберді, Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет, Бұқар сынды жырауларымызды, Абайды, Қасымды, Мағжанды, Мұқағалиды, Жүмекенді шетелдіктер өздерінің тілінде, сапалы аудармада оқыса, сөзсіз тамсанатынына

Тұлпарлардың эпостағы
тұяғы,
Сұңқарлардың аспаны!

Сонда қалды кісіліктің
бастауы,
Білмейтұғын
Бекзаттықтан басқаны.
Қандай терең Шалкиіздің
жырындай,
Қабат-қабат адамзаттық
астары...

Ақын осылардың бәрінен нәр алып, өз соқпағын тапты. Қазір бұл поэзиядағы даңғылға айналды. Иә, Ақсұңқарұлы өзінің мектебін қалыптастырды. Серік шайырға еліктеп, ол сияқты өлең жазатын біраз жас ақын арамызда жүр. Бірақ Ақсұңқарұлындай бола ала ма?! Сол секілді көне мен жаңаны сабақтастыра ала ма?! Мәселе осында. Әр ақын өзінің шамасын білуі тиіс.

Дәлдүріштер миды
ашытты,
Жазғандары тақпақ құр,
Өлең емес, шатпақ – бұл!
Күлтегіннің көзінің
қарашығындай,
Менің жырым мынау
елдің ділін,
Үнін сақтап тұр! – Бұл – рас
сөз. Бұлай тек өзін мойындатқан ақын жаза алады.

Ал қазір өлеңді қалай жазу керек. Ақсұңқарұлына тағы бір кезек берейік.

Қалай болса, –
Солай жаза салатұғын
өлеңді,
Социалистік реализм
жоқ енді.

Жаза алмайсың енді өтірік
сүйем деп,
«Отан үшін отқа түсіп
күйем...» деп..

Тек Құдайға бұратұғын
бетінді,
Құпия ғой өлең деген
не түрлі.
Біз онымен қаншама
уақыт ойнадық,
Отпен ойнап, өлген
бала секілді...

Бұрын сонды сен де, мен
де білмеген,
Алаңдарда ашулы жұрт.
Гүлеген...

Асқақ рух керек азат
халыққа,
Күл-көмешті көзіне де
ілмеген.

Көрген не бір аярлық пен
көгенді,
Бұрынғыдан бөлек қазір
ол енді.

Есенинше егіл осы
елге кеп,
(Мүлде, әйтпесе,
жазбау керек өлеңді).

Әрине, Серік Ақсұңқарұлы секілді тегеурінді ақын шығармашылығын бір мақала арқылы түгел шолып шығу мүмкін емес. Біз оқырман ретінде ғана ойымызды айттық. Қалғаны патша көңілді мемлекеттік комиссия мүшелері еншісінде.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

27.08.2020

№508-1773

«Мәдениет саласындағы коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңы 156-бабының 2-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мәдениет саласындағы коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1108 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 маусымдағы «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыда:
1-14-қосымшаларда барлық мәтін бойынша «Астана» деген сөз «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылсын;
3, 4, 5, 7, 9, 11, 12, 13, 14-қосымшаларға осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін;
8-қосымша осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес 15-қосымшамен толықтырылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;
3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі **А. Көлгінов**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 04.09.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №2-1-1286 болып енгізілді

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «27» 08
№ 508-1773 қаулысына
1-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 24 мамырдағы
№ 105-1016 қаулысына
3-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Бейбітшілік және келісім сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Бейбітшілік және келісім сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 1.1, 1.2, 3.4-жолдармен толықтырылсын:

1.1.	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін Опера залын ұсыну қызметтері, 1 сағат	250 000
1.2.	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін жарық және дыбыс жабдықтарының стандарттық жинағымен Опера залын 10 күннен артық ұсыну қызметтері, 1 тәулік	750 000

3.4.	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін «Атриум» залын ұсыну қызметтері, 1 сағат	200 000
------	-----------------------------------------------------------------------------	---------

реттік нөмірлері 5, 14, 14.1, 14.2, 16-жолдар алынып тасталсын;
реттік нөмірі 15-жолдағы «250 000» деген сандар «400 000» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 19.1-жолдағы «600» деген сандар «1 000» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 19.2-жолдағы «400» деген сандар «700» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 20.1-жолдағы «500» деген сандар «800» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 20.2-жолдағы «300» деген сандар «500» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 22-жолдағы «800» деген сандар «1 200» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 23-жолдағы «1 500» деген сандар «2 000» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 24-жолдағы «1 000» деген сандар «1 500» деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 24.1, 24.2, 24.3, 24.4, 24.5, 24.6-жолдармен толықтырылсын:

24.1.	Ересектерге арналған бірлескен экскурсияларға кіру билетінің құны	1400
24.2.	Балаларға арналған бірлескен экскурсияларға кіру билетінің құны	950
24.3.	Ересектерге арналған бірлескен экскурсияларға топпен (10 адамнан жоғары) кіру билетінің құны	1100
24.4.	Балаларға арналған бірлескен экскурсияларға топпен (10 адамнан жоғары) кіру билетінің құны	700
24.5.	Жеке экскурсияға кіру билетінің құны (ағылшын тілінде)	2800
24.6.	Жеке экскурсияға кіру билетінің құны (мемлекеттік және орыс тілдерінде)	2 300

реттік нөмірі 25, 25.1, 25.2, 26-жолдар алынып тасталсын;
реттік нөмірі 27-жолдағы «40 000» деген сандар «100 000» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 28, 31, 32, 33, 37, 38, 39, 40, 41-жолдар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 42, 43, 44, 45, 46, 47-жолдармен толықтырылсын:

42.	Би ұжымының қойылымын ұйымдастыру қызметтері, толық құрам (2 репетициядан артық емес)	1 500 000
43.	Би ұжымының қойылымын ұйымдастыру қызметтері, 1/2 құрам (2 репетициядан артық емес)	750 000
44.	Бишілердің жеке қойылымы (бір би, дуэт, трио)	100 000
45.	Би ұжымының күніне дайындығы	100 000
46.	Хор ұжымының қойылымы	400 000
47.	Хореографиялық топтың өнер көрсетуі	400 000

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жастар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жастар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында: мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 44, 44.1, 44.2, 44.3, 45, 45.1, 45.2, 45.3, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52-жолдармен толықтырылсын:

44.	«Амфитеатрға» бір адамға кіру билетінің құны:	
44.1.	1-5 қатарлар	3 000
44.2.	6-10 қатарлар	2 000
44.3.	11-15 қатарлар	1 000
45.	«Амфитеатрға» бір адамға балалар іс-шарасына кіру билетінің құны:	
45.1.	1-5 қатарлар	1 500
45.2.	6-10 қатарлар	1 000
45.3.	11-15 қатарлар	500
46.	«Амфитеатрдың» жазғы алаңында бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде қызметтердің көрсетілуі, 1 тәулік	1 000 000
47.	«Амфитеатрдың» жазғы алаңында бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде қызметтердің көрсетілуі, 1 сағат	80 000
48.	«Амфитеатрдың» жазғы алаңында жарық және дыбыс жабдықтарының стандарттық жинағымен бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде қызметтердің көрсетілуі, 1 тәулік	1 500 000
49.	«Амфитеатрдың» жазғы алаңында жарық және дыбыс жабдықтарының стандарттық жинағымен бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде қызметтердің көрсетілуі, 1 сағат	120 000
50.	Мәдени іс-шараларды анонстау үшін «Амфитеатрдың» қасбетінде ақпараттық баннерді (4,92*3,28) орналастыру қызметтерін көрсету, 1 тәулік	10 000
51.	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін «Амфитеатрдың» билет сату кассасын ұсыну қызметтері, 1 ай	80 000
52.	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін «Амфитеатрдың» билет сату кассасын ұсыну қызметтері, 1 тәулік	4 000

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «27» 08
№ 508-1773 қаулысына
3-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 24 мамырдағы
№ 105-1016 қаулысына
5-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жастар театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтыру

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жастар театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 10-жолмен толықтырылсын:

10.	Театр студиясының курстарын өткізу қызметтері	25 000
-----	-----------------------------------------------	--------

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «27» 08
№ 508-1773 қаулысына
4-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 24 мамырдағы
№ 105-1016 қаулысына
7-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгерістер

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

1.	Театрлық көрсетілімге бір адамға кіру билетінің құны:	
1.1.	бағдарлама ұзақтығы 20 минут	350
1.2.	бағдарлама ұзақтығы 25 минут	400
1.3.	бағдарлама ұзақтығы 30 минут	500
1.4.	бағдарлама ұзақтығы 35 минут	600
1.5.	бағдарлама ұзақтығы 40 минут	700
1.6.	бағдарлама ұзақтығы 45 минут	800
1.7.	бағдарлама ұзақтығы 50 минут	1000
1.8.	бағдарлама ұзақтығы 1 сағат	1300

реттік нөмірі 2-жолдағы «1000» деген сандар «1500» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

3.	Көшпелі спектакль өткізу қызметтері:	
3.1.	бағдарлама ұзақтығы 25 минут	80 000
3.2.	бағдарлама ұзақтығы 30 минут	96 800
3.3.	бағдарлама ұзақтығы 40 минут	128 000



реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

4.	Спектакльді ұсыну қызметтері:	
4.1.	бағдарлама ұзақтығы 20 минут	140 000
4.2.	бағдарлама ұзақтығы 25 минут	150 000
4.3.	бағдарлама ұзақтығы 30 минут	200 000
4.4.	бағдарлама ұзақтығы 40 минут	280 000
4.5.	бағдарлама ұзақтығы 50 минут	360 000
4.6.	бағдарлама ұзақтығы 1 сағат	420 000

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «27» 08 № 508-1773 қаулысына 5-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына 9-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік академиялық филармония» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік академиялық филармония» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

реттік нөмірі 1.1-жолдағы «1-10 қатарлар» деген сандар мен сөздер «3-10 қатарлар» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

1.7.	1-2 қатарлар	5 000
2.1.	шетелдік орындаушылардың бірлескен концерттерін өткізу үшін залды ұсыну бойынша қызметтер, 1 сағат	300 000
3.1.	қазақстандық орындаушылардың бірлескен концерттерін, конференцияларды, мәжілістерді, семинарларды, тұсаукесерлерді өткізу үшін залды ұсыну бойынша қызметтер, 1 сағат	200 000

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

5.	бір ұжымның өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері:	
5.1.	бір ұжымның өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері (30 минут)	150 000
5.2.	бір ұжымның өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері (1 сағат)	300 000
5.3.	бір ұжымның өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері (1,5 сағат)	400 000

реттік нөмірі 6-жолдағы «1 330 000» деген сандар «500 000» деген сандармен ауыстырылсын; реттік нөмірі 7-жолдағы «7 000» деген сандар «5 000» деген сандармен ауыстырылсын; реттік нөмірі 8-жолдағы «17 000» деген сандар «10 000» деген сандармен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 9-жолмен толықтырылсын:

9.	Балалар іс-шараларын өткізу үшін залды ұсыну қызметтері (1 сағат)	150 000
----	-------------------------------------------------------------------	---------

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «27» 08 № 508-1773 қаулысына 6-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына 11-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Сәкен Сейфуллин музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Сәкен Сейфуллин музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

реттік нөмірі 1.9-жолдағы «басқа да азаматтар санаттары» деген сөздерден кейін, «оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары» деген сөздермен толықтырылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «27» 08 № 508-1773 қаулысына 7-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына 12-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгерістер

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

реттік нөмірі 1.3-жолдағы «ересектер үшін» деген сөздер «басқа да азаматтар санаттары, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.3-жолдағы «ересектер үшін» деген сөздер «басқа да азаматтар санаттары, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін» деген сөздермен ауыстырылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «27» 08 № 508-1773 қаулысына 8-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына 13-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тәуелсіздік сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тәуелсіздік сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 29, 29.1, 29.2, 29.3-жолдармен толықтырылсын:

29.	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін жиһазды ұсыну қызметтері:	
29.1.	алтын түсті жұмсақ отырғышы бар орындық (бір бірлік үшін), 1 тәулік	700
29.2.	үстел-парта (бір бірлік үшін), 1 тәулік	1000
29.3.	көлемі 2 ш.м болатын аяқтарымен жиынтықтағы подиум (бір бірлік үшін), 1 тәулік	6000

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «27» 08 № 508-1773 қаулысына 9-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына 14-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі дирекция» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі дирекция» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 7, 7.1, 7.2, 7.3, 7.4, 8, 9-жолдармен толықтырылсын:

7.	Дирекцияның шолу алаңына және көрме залына кіру билетінің құны:	
7.1.	экскурсияға кіру билеті	1 800
7.2.	ересектерге арналған топтық кіру билеті (10 адамнан жоғары)	1 500
7.3.	балаларға арналған кіру билеті (14 жасқа дейін)	1 500
7.4.	балаларға арналған топтық кіру билеті (14 жасқа дейін)	1 100
8.	Бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну қызметтері, 1 сағат	2 500
9.	Тәулік ішінде бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну қызметтері	53 000

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «27» 08 № 508-1773 қаулысына 10-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына 8-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгеріс

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары мынадай редакцияда жазылсын:

Р/с №	Тауар (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) атауы	Бірлік бағасы, теңге
1	2	3
1.	Кіші залда өткізілетін спектакльдерге кіру билетінің құны:	
1.1.	танертеңгілік спектакльдерге билеттер	800
1.2.	танертеңгілік спектакльдің тұсаукесеріне билеттер	900
1.3.	кешкі спектакльдер билеттері:	
1.3.1.	1-12 қатарлар	1 500
1.3.2.	13-17 қатарлар	2 000
1.4.	кешкі спектакльдің тұсаукесеріне билеттер	3 000
1.5.	студенттер мен зейнеткерлер үшін (растайтын құжаттар болған жағдайда)	1 000
1.6.	театрландырылған жаңа жылдық қойылымға билеттер	3 000
2.	Үлкен залда өткізілетін спектакльдерге кіру билетінің құны:	
2.1.	танертеңгілік спектакльдерге билеттер:	
2.1.1.	1-12 қатарлар	700
2.1.2.	13-17 қатарлар	600
2.2.	кешкі спектакльдерге билеттер:	
2.2.1.	1-6 қатарлар	2 000
2.2.2.	7-12 қатарлар	1 500
2.2.3.	13-17 қатарлар	1 200
2.2.4.	студенттер мен зейнеткерлер үшін (растайтын құжаттар болған жағдайда)	1 000
2.3.	Оқушыларға арналған мақсатты таңғы спектакльдер:	
2.3.1.	балкондағы орындар	500
2.3.2.	1-12 қатарлар	700
2.3.3.	13-17 қатарлар	600
2.4.	Студенттер мен оқушыларға арналған мақсатты кешкі спектакльдер:	
2.4.1.	1-12 қатарлар	700
2.4.2.	13-17 қатарлар	800

2.5.	Таңертеңгілік спектакльдің тұсаукесеріне билеттер:	
2.5.1.	1-12 қатарлар	900
2.5.2.	13-17 қатарлар	800
2.6.	Кешкі спектакльдің тұсаукесеріне билеттер:	
2.6.1.	1-6 қатарлар	3 000
2.6.2.	7-12 қатарлар	2 500
2.6.3.	13-17 қатарлар	2 000
2.6.4.	студенттер мен зейнеткерлер үшін (растайтын құжаттар болған жағдайда)	1 000
2.7.	Жаңа жылдық ертегімен қойылымға билеттер	2 000
3.	Бірлескен іс-шара өткізу:	
3.1.	Үлкен залда бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну қызметтері:	
3.1.1.	зал толық кезінде бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну қызметтері (284 отыратын орын), 1 сағат	150 000
3.1.2.	бірлескен іс-шараларды өткізу үшін залдың 1/2 бөлігін қамтыған жағдайда залды ұсыну қызметтері (148 отырғызу орны), 1 сағат	75 000
3.2.	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін фойені ұсыну қызметтері, 1 сағат	30 000
3.3.	Шағын залда бірлескен іс-шаралар өткізу үшін ұсыну қызметтері, 1 сағат	50 000
4.	Шағын залда корпоративтік ертеңгілік	150 000
5.	Үлкен залда ертегімен корпоративтік ертеңгілік өткізу қызметтері	300 000

* Ескертпе:

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері мәдени ойын-сауық шараларына бірінші кезекте және тегін кіруіне құқықтары бар (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен 18 (он сегіз) жасқа дейінгі мүгедек балалардың мәдени ойын-сауық шараларына тегін кіруіне құқықтары бар (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда), ал үшінші топтағы мүгедектер мәдени ойын-сауық шараларына кіру билеті құнының 50% төлеп кіре алады (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

5 (бес) жасқа дейінгі балаларға кіру тегін, бірақ отырғызатын орын ұсынылмайды. Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған 18 (он сегіз) жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға кіруге тегін билеттер ұсынылады (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «27» 08
№ 008-1773 қаулысына
11-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 24 мамырдағы
№ 105-1016 қаулысына
15-қосымша**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Nomad City Hall» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары

Р/С №	Тауар (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) атауы	Бірлік бағасы, теңге
1	2	3
1.	2-микрофон, 2 микрофон тіреуішін; қуаттылығы 20 кВт дыбыстық техникалық қамтамасыз етуді; техникалық жұмыс жарығы – жарықтық техникалық қамтамасыз етуді; 1 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен шағын форматтағы жоба – «Эконом» жабдықтары жиынтығымен қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 1 сағатқа бірлескен іс-шаралар өткізу үшін концерт залын ұсыну қызметтері	200 000
2.	2-микрофон, 2 микрофон тіреуішін; қуаттылығы 80 кВт және одан жоғары дыбыстық техникалық қамтамасыз етуді; жарықтық техникалық қамтамасыз ету – динамикалық жарықты, Spot 1200 жарықтық пультімен; 8 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен «Стандарт» жабдықтар жиынтығын қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 1 сағатқа бірлескен іс-шаралар өткізу үшін концерт залын ұсыну қызметтері	300 000
3.	2-микрофон, 2 микрофон тіреуішін; қуаттылығы 20 кВт-тан 50 кВт-қа дейін дыбыстық техникалық қуаттылығы қамтамасыз етуді; техникалық жұмыс жарығы – жарықтық техникалық қамтамасыз етуді; 4 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен шағын форматтағы жоба – «Эконом» жабдықтарын қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 12 сағатқа дейін бірлескен іс-шаралар өткізу үшін концерт залын ұсыну қызметтері	750 000
4.	2 микрофон; қуаттылығы 80 сағ/кВт және одан жоғары дыбыстық техникалық қамтамасыз етуді; жарықтық техникалық қамтамасыз ету – динамикалық жарық, Spot 1200 жарықтық пультімен; 8 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен «Стандарт» жабдықтары жиынтығын қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 12 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізу үшін концерт залын ұсыну қызметтері	1 000 000
5.	Қуаттылығы 80 сағ/кВт-қа дейінгі дыбыстық техникалық қамтамасыз етуді; жарықтық техникалық қамтамасыз ету – динамикалық жарықты, Spot 1200 жарықтық пультімен; 2 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен жабдықтарды қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 12 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде залды дайындық үшін ұсыну қызметі	500 000
6.	жүк лифті қызметін; жарықтық техникалық қамтамасыз ету – жұмыстық, техникалық жарықты; клинингті (уақыт бойынша) ұсынумен ұзақтығы 12 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізу үшін декорациялар мен концерттік жабдықтарды жинау және бөлшектеу үшін залды ұсыну қызметі	500 000
7.	Ұзақтығы 3 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізу үшін 2-қабаттағы фойені ұсыну қызметі	150 000
8.	«Черепашка» шамы жарығымен қамтамасыз етуді; клинингті (уақыт бойынша) ұсынумен ұзақтығы 6 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізуге 1-ші қабаттағы фойені ұсыну қызметі	300 000
9.	Бірлескен іс-шаралар өткізу кезінде актерлердің қойылымдары бойынша қызмет, 1 сағат	300 000
10.	Бірлескен іс-шаралар өткізу кезіндегі дыбыстық аппаратураны ұсыну қызметі:	
10.1.	микрофон, 1 бірлік	10 000
10.2.	БЭК-лайн вокалына арналған аппаратура (3 микрофон тіреуіші, 3 микрофон, монитор)	60 000
10.3.	дыбыстық аппаратура	40 000
11.	Бірлескен іс-шаралар өткізу кезінде тапсырыс берушінің қосымша аппаратурасын орналастыру мен қосу қызметі, 1 бірлік	15 000

12.	Электр энергиясының қуатына қосылмайтын 1 ш.м алаңды ұсыну қызметі, 1 тәулік	1500
13.	Электр энергиясының қуатына қосылатын 1 ш.м алаңды ұсыну қызметі, 12 сағатқа дейін	2500
14.	Баннерді орналастыру қызметі, 1 ш.м, 6 сағатқа дейін	2000
15.	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін LED-экранды ұсыну қызметі, 1 ш.м	25 000
16.	Бірлескен іс-шаралар өткізу үшін гримерлік бөлмені ұсыну қызметі, 1 тәулік	40 000
17.	Ғимарат аумағында үйлену тойы мен көркемдік фото- және бейне түсірілімдерін ұсыну қызметі, 1 сағат	25 000
18.	Бірлескен іс-шаралар өткізу үшін жабдықтарымен бар үстелшесін ұсыну қызметі, 10 сағатқа дейін	50 000
19.	Актерлік шеберлікке арналған студия қызметтерін көрсету, 8 рет келу, 1 ай	15 000
20.	Театр қойылымына бір адамға кіру билетінің құны:	
20.1.	1-9 қатарлар	1 500
20.2.	10-16 қатарлар	1 200
20.3.	17-19 қатарлар	1 000
20.4.	балкон 2-қабат	600
20.5.	балкон 3-қабат	400
21.	Кешкі тұсаукесер қойылымдарына бір адамға арналған кіру билетінің құны:	
21.1.	1-19 қатарлар	3 000
21.2.	балкон 2-қабат	2 000
21.3.	балкон 3-қабат	1 000
22.	Таңертеңгі, мектеп оқушыларына мақсатты спектакльдерге кіру билетінің құны	500
23.	Концерттік бағдарламаға, шығармашылық кешке, шақырылған мамандардың, актерлердің, қоюшы режиссерлердің қатысуымен өтетін фестивальдерге кіру билетінің құны бір адамға:	
23.1.	1-9 қатарлар	5 000
23.2.	10-16 қатарлар	4 000
23.3.	17-19 қатарлар	3 000
23.4.	балкон 2 қатарлар	2 000
23.5.	балкон 3 қатарлар	1 000

* Ескертпе:

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері мәдени ойын-сауық шараларына бірінші кезекте және тегін кіруіне құқықтары бар (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен 18 (он сегіз) жасқа дейінгі мүгедек балалардың мәдени ойын-сауық шараларына тегін кіруіне құқықтары бар (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда), ал үшінші топтағы мүгедектер мәдени ойын-сауық шараларына кіру билеті құнының 50% төлеп кіре алады (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

5 (бес) жасқа дейінгі балаларға кіру тегін, бірақ отырғызатын орын ұсынылмайды. Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған 18 (он сегіз) жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға кіруге тегін билеттер ұсынылады (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 37-бабының 1-тармағына, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 46-бабының 4-тармағына 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабы 31-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуді;

2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б. Мәкен

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік құқықтық бөлімінің басшысы Ж. Шәукентаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы А. Ахмеджанов

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «_» _____
№ _____ қаулысына
қосымша**

Астана қаласы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Астана қаласында мәдениет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 105-2136 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 986 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 қаңтардағы «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде, 2016 жылғы 6 қаңтардағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. «Астана қаласында мәдениет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 105-2136 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 105-13 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 1156 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 қаңтардағы «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде, 2018 жылдың 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған).

3. «Мемориалдық тақталарды орнату туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 105-7 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1153 болып тіркелген, 2018 жылғы 25 қаңтардағы «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде, 2018 жылдың 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған).

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызмет көрсетуге Жария шарт

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде тіркелген «Clean City NC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі Қызмет беруші деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Ж.Қ.Сайқатовтың тұлғасында (БСН 170240019020) және бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталатын үй-жайдың меншік иесі/жалдаушысы (жеке тұрғын үй, пәтер, тұрақты тұруға арналған және пайдаланылатын жатақханадағы бөлме), екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, Қызмет беруші мен «Нұр-Сұлтан қаласының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ арасында жасалған 2017 жылғы «26» мамырдағы №1 қабылданған өзара міндеттемелер туралы шартты назарға ала отырып және Нұр-Сұлтан қаласы Мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі №166/21-VI шешімімен, сондай-ақ ҚР Экологиялық Кодексінің 283-бабымен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының аумағын абаттандыру қағидаларының 71-тармағын, 71-1-тармағын, 80-тармағының 3-тармақшасын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызметтер көрсетуге арналған осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1) «Қатты тұрмыстық қалдықтар», «ҚТҚ» – қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар;
- 2) «Коммуналдық қалдықтар» – елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен түзілу сипаты бойынша оларға жақын өндіріс қалдықтары;
- 3) «Сұйық қалдықтар» – сұйық түрдегі кез келген қалдықтар;
- 4) «Ірі габаритті қоқыс» – өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан және өзінің мөлшері бойынша арнайы қоқыс жинайтын машиналармен тасымалдау мүмкіндігін болдырмайтын тұтыну және шаруашылық қызметінің қалдықтары (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.);
- 5) «Қоқыс шығарушы ұйым» – коммуналдық қалдықтарды мамандандырылған көлікпен шығаруды жүзеге асыратын ұйым;
- 6) «Құрылыс қоқысы» – ғимараттарды немесе құрылыстарды немесе жекелеген конструкторлық элементтерді бөлшектеу (бөлшектеу) процесінде, сондай-ақ құрылыс-монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау кезінде пайда болған қоқыс;
- 7) «Тариф» – ҚТҚ-ның 1 текше метрін (м3) қайта өңдеу, орналастыру (көму), қалдықтарды жинау орындарынан сақтау пункттеріне әкелу құны;
- 8) «ҚТҚ шығару» қызметіне ақы төлеу мөлшері – көрсетілетін қызметті беруші белгіленген тәртіппен бекіткен қолданыстағы тарифке, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 90/11-V шешімімен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ҚТҚ түзілу және жинақталу нормаларына (бұдан әрі – ҚТҚ түзілу және жинақталу нормалары) сәйкес белгіленген қызметке ақы төлеу құны);
- 9) «Контейнерлік алаң (қоқыс жинағыш)» – тұрғын үйлерде/әкімшілік ғимараттарда (оның ішінде тұрғын емес үй-жайларда) орналасқан үй-жайлардың меншік иелері/жалдаушылары қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған жалпы нүкте (қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесінің бөлігі).

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарттың мәні көрсетілетін қызметті берушінің ҚТҚ жинау, әкету, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі ақылы қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) оларды жинақтау үшін бөлінген орындардан (контейнерлік алаңдардан) көрсетуі және шарт талаптарына сәйкес тұтынушының көрсетілген қызметтерге ақы

төлеуі болып табылады.

1.2. Қызмет беруші қоқыс шығарушы ұйым бола отырып, Нұр-Сұлтан қаласының аумағынан коммуналдық қалдықтарды шығару жөніндегі қызметтерді жеткізушінің анықтау бойынша жеңіл шыққан тендердің нәтижелері негізінде уәкілетті органдар бекіткен учаскелерде тұтынушыға қызмет көрсетеді.

2. Есеп айырысу тәртібі мен шарттары

2.1. Қызметке ақы төлеу мөлшері жергілікті өкілді орган белгілеген тарифтің өзгеруіне сәйкес белгіленеді және өзгертіледі.

2.2. Көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу үй-жайда (пәтерде, үйде) нақты тұратын адамдардың саны есебінен не үй-жайда тіркелген адамдардың саны есебінен (егер ішкі істер органдарының немесе жергілікті атқарушы органның деректері бойынша үй-жайда тұратын адамдардың көп саны тіркелген жағдайда), айына бір адамға ҚТҚ әкету үшін төлем мөлшеріне сәйкес жүргізіледі.

Көрсетілген қызметті беруші үй-жайда нақты тұру туралы деректер бойынша бұрын белгіленгеннен көп адамдардың тіркелу фактісін анықтаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші тіркелген адамдардың саны бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму үшін төлемді қайта есептеуді жүзеге асырады.

2.3. ҚТҚ шығару үшін төлем есеп айырысу шотына аудару немесе қызмет берушінің қассына ақшалай қаражатты енгізу жолымен қызмет көрсетуші ұсынған төлем құжаттары бойынша есеп айырысу айынан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

2.4. Тұтынушы және/немесе онымен бірге тұратын адамдар уақытша болмаған жағдайда, еркін нысанда тиісті өтініш және растайтын құжат (уақытша тұратын жері бойынша тіркелгені туралы анықтама, емдеу мекемесінің анықтамасы, жұмыс орынын анықтама, санаторийлік-курорттық жолдама, қонақ үйде тұрғаны үшін төлем туралы түбіртек және т.б.) берілген жағдайда, қызмет үшін ақы алынбайды. Көрсетілген мән-жайлар Тұтынушы өтініш берген сәттен бастап төлемді қайта есептеу үшін назарға алынады.

3. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Тұтынушының құқығы бар:

- 3.1.1. «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларының талаптарына сәйкес ҚТҚ уақытылы шығаруға.
- 3.1.2. Тарифтерді қолдану және қызметтерге ақы төлеу мөлшері туралы ақпарат алуға;
- 3.1.3. Қызмет көрсетушінің қызмет көрсетудегі анықталған кемшіліктерді ақылға қонымды мерзімде жоюға;
- 3.1.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалатын мөлшерде және тәртіппен қызмет көрсету кезінде қызмет берушінің кінәсінен тұтынушының денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген залалдар мен зиянды толық көлемде өтеуге;
- 3.1.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оның құқықтары бұзылған жағдайда сот арқылы қорғалуға құқығы бар.

3.2. Тұтынушы міндетті:

- 3.2.1. Осы Шартта белгіленген мерзімде қызметтерге уақытылы және толық көлемде ақы төлеу;
- 3.2.2. Көрсетілетін қызметті берушіге келу тәртібімен «ҚТҚ шығару» қызметіне ақы төлеу мөлшерін қайта есептеуге әкеп соғатын кез келген өзгерістер туралы, оның ішінде тұрғын үй-жайда (пәтерде, үйде және т.б.) тұратын адамдардың саны өзгерген жағдайда ақпаратты уақтылы ұсыну);
- 3.2.3. Көрсетілетін қызметті берушінің өкіліне тұрғын үйде тұрағындардың нақты санын анықтау үшін қажетті қолжетімділікті және жағдайларды

қамтамасыз ету;

- 3.2.4. Жылжымайтын мүлікпен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалған жағдайда тұрып жатқан тұрғын үй-жайынан шыққан күнге дейін немесе жалға алынған тұрғын үйден шыққан жағдайда Қызмет берушімен толық есеп айырысуы жүргізу;
- 3.2.5. Одан пайда болған ҚТҚ контейнерлік алаңдарға жинау;
- 3.2.6. Сұйық қалдықтарды, құрылыс қоқыстарын, топырақты, ірі көлемді қоқыстарды, металл сынықтарын, ағаш үгінділерін, жапырақтарды, бұтақтарды қоқыс жинағыштарға төгуге жол бермеу;
- 3.2.7. ҚТҚ және өзге де қоқыстарды бұл үшін белгіленбеген орындарда (контейнерлік алаңдардан басқа) жинауға, сондай-ақ оларды жерге көмуге, контейнерлерде, аулаларда және көшелерде өртеуге, өзге де кәдеге жарату тәсілдеріне жол бермеу;
- 3.2.8. Сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қоқыс жинағыштарға және контейнер алаңдарының қоршауларына ұқыпты қарау;
- 3.2.9. Мамандандырылған техниканың контейнерлік алаңдарға кедергісіз кіруін қамтамасыз ету;
- 3.2.10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

4. Қызмет берушінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Қызмет берушінің құқығы бар:

- 4.1.1. Тұтынушыдан қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде алуға және төлемдерді төлеу мерзімдері бұзылған жағдайда шартта көзделген шараларды қабылдауға;
- 4.1.2. Тұтынушы шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу мерзімдерін бұзған жағдайда, қызмет беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берешек сомаларын және айыппұл санкцияларын өндіріп алуға құқылы.

4.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынылатын қызметтерге арналған тарифті, сондай-ақ Шарттың 3.2.2-тө көрсетілген жағдайлар анықталған жағдайда «ҚТҚ шығару» қызметіне ақы төлеу мөлшерін өзгертуге.

4.2. Қызмет беруші міндетті:

- 4.2.1. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен келісілген кесте бойынша оған бекітілген учаскелерді ҚТҚ-дан жоспарлы-тұрақты тазартуды жүзеге асыру;
- 4.2.2. Контейнерлерден қоқыс тасушыға түсіру кезінде шашылып қалған қоқыстарды тазалауды жүргізу;
- 4.2.3. Қозғалыс схемасымен және өзгерген пайдалану шарттарына сәйкес маршруттық кестелерді жасау және түзету;
- 4.2.4. Контейнерлерді сақтау мақсатында ҚТҚ тиеу кезінде жабдыққа ұқыпты қарау;
- 4.2.5. Бірыңғай есеп айырысу орталығы (БЕО) арқылы тұтынушыға ҚТҚ шығарғаны үшін төлем құжаттарын қызмет көрсетілген айдан кейінгі айдың 15-не дейін ұсыну;
- 4.2.6. Нақты тұратын адамдардың саны туралы мәліметтерге сәйкес қызмет көрсеткені үшін төлемдерді есептеу;
- 4.2.7. Тұтынушының ҚТҚ шығару тарифтерінің өзгеруі, сондай-ақ ҚТҚ шығару шарттарының өзгеруі туралы олар енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында немесе көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында жариялау арқылы хабарлар ету (<https://csnc.kz/>);
- 4.2.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Көрсетілетін қызметті беруші мен тұтынушы өзінің шарттық міндеттемелерін орындамағаны

немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2. Қызметтерді уақтылы төлемеген кезде тұтынушы көрсетілетін қызметті берушіге өсімпұл төлейді. Өсімақы есептеу есетті айдан кейінгі айдың 26-күнінен бастап әрбір кешіктірілген күн үшін төленбеген соманың 0,1 пайыз мөлшерінде, бірақ төленбеген соманың 10 пайыздан аспайтын мөлшерде жүргізіледі.

5.3. Айыппұл санкцияларын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6. Дауларды қарау тәртібі

6.1. Шарт бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды сотқа дейін реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттеледі.

6.2. Туындаған даулар бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге тиіс.

Бұл ретте шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот даулары Қызмет көрсетілетін тұтынушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша қарауға жатады.

6.3. Шартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелеріне, Нұр-Сұлтан қаласының аумағын абаттандырудың қолданыстағы ережелеріне және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қаралады.

7. Шарттың қолданылу мерзімі

7.1. Шарт бұқаралық ақпарат құралдарында не көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді (<https://csnc.kz/>) және тұтынушы үшін ҚТҚ шығару бойынша қызмет көрсетуді бастау.

7.2. Шарт «Нұр-Сұлтан қаласының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-мен жасалған 2017 жылғы «26» мамырдағы №1 қабылданған өзара міндеттемелер туралы шарт тоқтатылған күнге дейін қолданылады, ал соңғысы ұзартылған жағдайда сол мерзімге ұзартылған болып есептеледі.

8. Форс-мажор жағдайлар

8.1. Тараптар шарт жасасқаннан кейін туындаған және Тараптар болжай алмаған, ақылға қонымды тәсілдермен алдын ала алмаған еңсерілмейтін күш жағдайларының (дүлей құбылыстар, апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу және т.б., бұдан әрі – «Форс-мажор») әрекеті салдарынан Шарт бойынша өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Форс-мажор жағдайлар басталған кезде Тараптар форс-мажор жағдайларының әрекетіне ұшыраған тарап екінші Тарапты форс-мажор жағдайларының басталғаны туралы дереу хабардар еткен және олардың қолданылуы тоқтатылған кезде Шарт талаптарының орындалуын қайта бастаған жағдайда шарттық міндеттемелерді сақтамағаны үшін материалдық жауапкершіліктен босатылады.

8.3. Форс-мажордың мән-жайларын Қазақстан Республикасының уәкілетті органы куәландыруға тиіс.

9. Ерекше шарттар

9.1. Жария шарт жасасу кез келген қызмет түрін жүзеге асыру процесінде ҚТҚ-ның тұрақты қалыптасуымен, ҚТҚ ны уақтылы кәдеге жарату қажеттілігімен және белгіленбеген жерлерде ҚТҚ-ның заңсыз тасталуын болдырмаумен және олардың қоршаған табиғи ортаға теріс әсерін болдырмаумен негізделген.

9.2. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес жария шарт болып табылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №106 (4075) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Кезек нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Кезекке қойылған күні	Санат
2266	БАЖЕ-НОВ	ЕСИЛЬ-БАЙ	КАЙ-РАТОВИЧ	14.09.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2267	ДО-СМА-ГАНБЕ-ТОВ	КАНАТ	МА-РАТОВИЧ	15.09.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар

2268	ЖУМА-ТАЙ	ЖА-НАР-ГУЛЬ	СЕИЛ-ХА-НОВ-НА	15.09.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2269	ХОЖА-ЕВА	ЖАР-ҚЫН	АЛКА-БАЕВ-НА	16.09.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2270	ТУРЛУ-ГУЛОВ	МАК-САТ	АБСА-МАТОВИЧ	16.09.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар

2271	ДАР-МЕН-ШЕЕВ	ЖА-НИ-БЕК	МОЛ-ДАЛИ-ЕВИЧ	16.09.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2272	ТУН-ЛИК-БАЕВ	СЕРИК	БЕГА-ЛИИ-ВИЧ	17.09.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2273	АЯЗБА-ЕВ	ЖА-ЛЫН	ЖУ-МАГА-ЗИНО-ВИЧ	17.09.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар

2352	КЕРИМ-БЕКОВ	НУР-ГАЛИ	ЖАМИЛ-ОВИЧ	26.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2353	КОСЫБАЕВА	МАДИНА	ТАУПЫКОВНА	27.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2354	АБИЕВ	САМАТ	МАРАТОВИЧ	27.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2355	АЛЕНОВА	САЛТАНАТ	АЙТЖАНОВНА	28.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2356	КУЛЬНАЗАРОВ	КАНАТ	ТЕМИРОВИЧ	28.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2357	ДЖАМЕНКОВ	ЖАСУЛАН	АХМЕТЖАНОВИЧ	28.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2358	КАЛДЫБЕКОВ	АРМАН	КУРМАНГАЗЫЕВИЧ	29.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар

2359	ПОЛКОВНИКОВА	ОЛЬГА	ВЛАДИМИРОВНА	30.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2360	ДЖАЙЛАУБАЕВ	КУАТ	ДЖИЕНБЕВИЧ	30.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2361	ХАМИЕВА	ЖАНАРА	БАРЛЫБАНОВА	30.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2362	САРСЕНБЕВА	АЙГУЛЬ	ТҮКЕНОВНА	30.10.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2363	АУБАКИРОВА	РАЙХАН	АНАСОВНА	03.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2364	МУКАНОВА	АСЕМГУЛ	КАДЫРКЫЗЫ	03.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2365	ЖАНЫСОВА	САНДУГАШ	ДАУРЕНОВНА	03.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар

2366	МУСИЛИМОВА	МАДИНА	БАУРЖАНОВА	04.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2367	ЕМБЕРГЕНОВ	РАДИК	ПУЛАТБАЕВИЧ	04.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2368	НУРКЕНОВ	ТЕЛМАН	ТИЛЕГЕНОВИЧ	04.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2369	САТИБА	ЕРКЕ	БАҚДАУЛЕТОВНА	05.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2370	АСКАРОВА	НАЗГУЛЬ	КЕНЖЕБОЛАТОВНА	05.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2371	КАМАЛОВА	КУНСУЛУ	ГАНЕВНА	06.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2372	МУХАНБЕТОВА	АЛТЫНКУЛЬ	СЛАНБЕКОВНА	10.11.2009	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар

(Жалғасы бар)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТАМАҚТАНУ ТӘРТІБІ

Балалардың тиімді тамақтануы – денсаулықты, жұқпалы аурулардың және басқа да қолайсыз факторлардың әсеріне төзімділікті, барлық жас кезеңдерінде оқу қабілеті мен жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етудің қажетті шарты. Осыған байланысты тәрбие және оқу процесі кезінде тамақтану рационның ұйымдастыру аурулардың алдын алуы және балалардың денсаулығын сақтаудың маңызды факторларының бірі, ал мектеп жасына дейінгі балалардың толыққанды және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырудың басым бағыты болып табылады.

Балабақшалардағы балаларды тамақтандыру мәселелері бірқатар нормативтік актілермен реттеледі. Соның ішінде ҚРДСМ 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары тамақтану жағдайларын белгілейді. Балабақша басшысы бекіткен перспективтік маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық мәзір жасалады. Мәзір жасау кезінде өңірде шығарылатын отандық өнімдер ассортименті ескеріледі. Балаларды тамақтандыру рационның витаминді-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді. Ас мәзірінде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде немесе келесі 2-3 күнде қайталауға жол берілмейді. Күн сайын тамақтану рационна ет, сүт, сары май және өсімдік майы, қара бидай және (немесе) бидай наны, көкөністер және қант қосылады. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, құстың еті күнтізбелік жеті күнде бір рет қосылады. Гиповитаминоздың алдын алу және иммунитетті арттыру мақсатында салқындатылған сусындарды (компот, кисель) жасанды «С» витаминімен витаминдеуді жүргізеді. Тағамдар порцияларының массасы осы санитарлық қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес көзделеді:

	1 жас-3 жас	3 жас-5 жас	5 жас-7 жас
Таңғы ас	350-450	400-500	500-550
Түскі ас	400-550	550-600	600-800
Бесін ас	200-250	250-300	300-400
Кешкі ас	350-400	400-500	450-600

Балабақшалардағы тамақтану тәртібі:

- Таңғы ас ыстық тағамнан (бірінші немесе екінші) және ыстық сусыннан, жұмыртқа, сары май немесе ірімшік қосылған бутербродтан тұрады. Екінші таңғы асқа шыршындар, жемістер көзделеді.

- Түскі ас салат, бірінші, екінші (негізгі ыстық тағам еттен, балық немесе құстан) және үшінші (компот, шай, шыршындар және кисель) тағамнан тұрады. Пісірілген және жас көкөністерден күрделі емес салаттар дайындалады.

- Бесін асқа ас мәзіріне кремсіз тоқаш немесе кондитерлік бұйымдармен бірге сусынды (сүт, қышқыл сүт өнімдері, шыршы, кисель және басқалары) қосады.

- Кешкі ас көкөніс (сүзбе) тағамынан немесе ботқадан; негізгі екінші тағамнан (ет, балық немесе құс), сусыннан (шай, шыршы, компот және кисель) тұрады. Екінші кешкі ас ретінде қосымша жемістерді немесе қышқыл сүт өнімдерін және кремсіз тоқаш немесе кондитерлік бұйымдарды қосады.

Балабақшаларда мынадай тағамдарға дайындауға және пайдалануға жол берілмейді: ұйыған сүт, сүзбе мен айранды; туралған ет қосылған құймақтарды; флотша макаронды; зельцтерді, форшмактарды, сілікпелерді, паштеттерді; кремді бар кондитерлік бұйымдарды; тұтыну қаптамасындағы кондитерлік бұйымдар мен тәттілерді (шоколад, кампит, печенье және басқалары); морстар, квастарды; фритюрде қуырылған бұйымдарды; шала пісірілген жұмыртқаны, қуырылған жұмыртқаны; күрделі (4 компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды; о-кросшканы; саңырауқұлақты; өнеркәсіпте дайындалмаған

(үйде) тамақ өнімдерін; тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық сусын, тәтті ішімдіксіз сусындарды, ішімдіксіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шыршындарды (қапталған минералды және ауыз судан басқа); фаст-фудтарды: гамбургерлер, хот-догтар, чипсілер, кептірілген нан, қытырлақ нандарды; ашы тәздықтар, кетчуптар, ашы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелек, қыша).

Тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды бракераж комиссиясы жүргізеді, оның құрамына медицина, әкімшілік, өндіріс меңгерушісі және ата-аналар комитетінің өкілі енгізіле отырып, объекті басшысының бұйрығымен айқындалады.

Балаларға ерте жастан бастап этикет ережелері мен тамақтану мәдениетін үйрету өте маңызды. Балабақшада бала шанышқыны, пышақты, қасықты қолдануды үйренеді, үстелді дастарханмен жабууды, майлықтарды қоюды, асханалық үстелді өз бетімен безендіруді үйренеді. Түскі ас кезінде қатты сөйлесу, музыка сияқты алаңдатарлық шу көздер болмауы керек, бала ашуланбауы немесе айқайлап жыламауы керек. Балаларды тамақтану кезінде ас ішуге асықтыруға болмайды. Сонымен қатар тазалық сақтауды да ұмытпаған жөн.

Тазалық – денсаулық кепілі екенін бәрі біледі, сондықтан балаларға мұны ересектер өз мысалында көрсетуі керек. Әрқашан тамақтанар алдында және одан кейін қолыңызды жуыңыз, өйткені микробтарға қарсы ең жақсы құрал – ол сабын. Егер бала үстелге отырмас бұрын ойыншықтарды ұстап, жануарлармен ойнап, дәретхананы пайдаланса, онда міндетті түрде балаларға қол жуызу керек. Қарапайым әдеттерді күнделікті өмірімізге енгізе отырып, балалардың денсаулыққа деген дұрыс көзқарасын қалыптастырамыз.

Дені сау ұрпақ – ертеңгі елдің жалғасы!

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ – БІЛУ МАҢЫЗДЫ

© Райхан РАХМЕТОВА

Бірінші кезекте, АИТВ-ның ЖИТС-тен айырмашылығын нақты анықтау қажет. АИТВ – инфекциясы адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындайтын баяу үдемелі жұқпалы ауру. Вирус иммундық жүйенің жасушаларын, (бетінде CD4 рецепторлары бар) Т-лимфоциттерді зақымдайды. Нәтижесінде иммундық жүйенің жұмысы бәсеңдейді, жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромы (ЖИТС) дамиды, науқас ағзасы инфекциялар мен ісіктерден қорғалу мүмкіндігін жоғалтады, қалыпты иммунитеті бар адамдарға тән емес қайталама аурулар пайда болады. Осылайша ЖИТС АИТВ-инфекциясының соңғы (IV) сатысы болып табылады, оны дамыту үшін бірнеше жыл (6-10 жылдан артық) қажет болады. Осы уақытқа дейін АИТВ өзін қандай да бір сыртқы белгілермен көрсетпейді, бірақ вирус жұқтырған адамның қанында болады. Вирустың мұндай жамандығынан жұқтырылған адам өзінің АИТВ статусын білмейді және басқаларды жұқтыруы мүмкін. Антиретровирустық терапияның қол жетімділігі мен тиімділігіне байланысты

IV-клиникалық сатыдағы пациенттердің саны 5 пайыздан аспайды. Салыстырмалы талдау кезінде АИТВ-ның жаңа жағдайларының өсу қарқыны төмен. Қазақстанда ересектер арасында АИТВ-ның таралу көрсеткіші 0,2 пайызды құрайды.

Жыл сайын барлық өңірлерде Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне арналған айлық ұйымдастырылады. Оқушылардың ақпараттандырылуын арттыру үшін түрлі әдістемелер қолданылады: дәрістер, әңгімелер, семинарлар, тренингтер, сауалнама, плакаттар конкурсы, флеш-мобтар және т.б. Ақпараттық материалдар лекциялар, семинарлар, тренингтер және т.б. шеңберінде тегін таратылады.

Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге АИТВ инфекциясы ерікті түрде және (немесе) құпия медициналық зерттеліп-қаралу және консультация беру тіркелген медициналық ұйымдарда тегін жүргізіледі. Бұдан басқа сенім пунктерінде, ЖИТС орталығының Достық кабинетінде, жастар денсаулық орталығында, бастапқы медициналық-санитарлық ұйымдарында, «АИТВ-статусыңды біл» шарасы өткізіледі,

онда саусақтан (тамшыдан) жасырын қан анализін тапсыруға болады және 20-30 минут ішінде нәтижені экспресс-тестпен білуге болады. Медициналық мақсаттағы барлық қолданылатын бұйымдар (экспресс-тест, скарификатор өткізіледі және ЖИТС, капилляр, спирттік майлықтар) бір реттік, сондықтан бұл мүлдем қауіпсіз.

ДДҰ мәліметтері бойынша әлемде жұқтырудың 70-80 пайызға жуығы гетеросексуалды жыныстық қатынас кезінде болады, Қазақстанда да осындай жағдай орын алууда.

2015 жылы АИТВ індетіне қарсы күрес ісінде ЮНЭЙДС жаңа мақсаттарды белгіледі: 2020 жылға қарай «90-90-90» қол жеткізу, «АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың 90 пайызы АИТВ бойынша өзінің мәртебесі туралы білуі тиіс. АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың 90 пайызы антиретровирустық терапияны қабылдауы тиіс. Антиретровирустық терапия қабылдайтын адамдардың 90 пайызы вирустық жүктемесі анықталмайтын деңгейге жеткізілуі тиіс». 2020 жылы белгіленген мақсатқа медицина қызметкерлерінің күшімен ғана емес, сонымен қатар бүкіл халықтың түсіністігімен де қол жеткіземіз деп үміттенеміз.

Қазақстанда «электронды үкімет» порталында бизнес ашумен байланысты төрт процедураны бір мезгілде тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетіледі

Электронды үкіметтің www.egov.kz порталында шағын және орта бизнес субъектілеріне кәсіпорынды тіркеген кезде бір мезгілде ҚҚС есебіне тұру, банктік шот ашу және қызметкерді жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру келісімшартын жасауға мүмкіндік беретін мемлекеттік қызмет жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда бұл қызметке екінші деңгейлі төрт банк «ForteBank», «Jusan Bank», «Халық Банкі» және «Альфа-Банк», сондай-ақ екі сақтандыру компаниясы — «Мемлекеттік аннуитеттік компания өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ және «Азия Life» өмірді сақтандыру бойынша компания» АҚ қосылған.

Осылайша бизнесті осындай форматта электронды тіркеу шығындарды оңтайландырып, процедуралар мен мерзімдерді айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді.

Бұрын кәсіпкер ең алдымен, заңды тұлғаны тіркеуі, шот ашу үшін банкке тіркегені туралы анықтаманы апаруы, кейін ҚҚС бойынша есепке қою үшін мемлекеттік кірістер органына, сондай-ақ қызметкерді міндетті сақтандыру келісім-шартын жасау үшін сақтандыру компаниясына баруы тиіс болатын.

А.ТУРТКАРИНА,
Нұр-Сұлтан қаласы Әділет департаментінің Тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы

БЕЙНЕЛЕРІ БЕДЕРЛЕНДІ

«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» тұжырымдамасы аясында елордада қоғамдық орындар мен аулалар көз қызығып қарайтын әсем түрге еніп, абаттандырылуда. Әсіресе, қаладағы бірқатар көпірлер астындағы арт-кеңістік заман талғамына сай безендірілді. Соның бірі ретінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы көпірдің астында орналасқан арт-кеңістікте стритбол, коньки, үстел теннисі және workout алаңы салынды.



Жобаның идеясы – жұртшылықты спортқа үндейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында бұқаралық спортты дамытуға басымдық беру керектігін айтқан еді. Бұл игілікті жұмыстарды соның бір жарқын көрінісі деуге

болады. Осы алаңда бұқаралық спортты дамытуға бар мүмкіндік қарастырылған. Сонымен бірге серуендеп немесе спортпен шұғылдануға келген адамдар осы алаңнан отандық және шетелдік танымал спортшылардың граффитиін тамашалайды. Онда кәсіби қа-

зақстандық теннисші Зарина Дияс, америкалық баскетболшы Джеймс Леброн бейнеленген. Сондай-ақ қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы, баскетболшы Әлжан Жармұхамедовтің бейнесінде көресіз.

© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ



БЕЙБІТ ЗАМАН БАТЫРЛАРЫ

Ұлттық академиялық кітапханада әлемді ғана емес, елімізді де алаңдатқан жұқпалы індетпен күні-түні кірпік қақпай күресіп жүрген, бейбіт заманның батырларына арналған «Елге саулық, дәрігерге құрмет» атты кітап көрмесі ашылды.

Көрмеге медицина саласы бойынша, әсіресе, пульмонология және жұқпалы аурулар жайында кітаптар мен мерзімді басылымдарда жазылған мақалалар қойылды. Сонымен бірге коронавирус пандемиясымен сырқаттанған науқастарды емдеп жазуда, батылдық пен төзімділік танытып, ерлік көрсетті деуге болатын ақ халатты абзал жандардың ғылыми еңбектері мен марапаттары, жеке заттары



көпшілікке ұсынылды. Ізгілікті шараның

ашылуында Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқарма басшысының орынбасары Гүлназ Төленқызы, Травматология және ортопедия институты директорының орынбасары Мейрам Баубеков, белгілі қаламгер Баянғали Әлімжанов секілді бір топ азамат сөз алып, медицина мамандарының жанкешті ерлігі туралы салмақты ой өрбітті.

КӨНЕ ЖЫРДЫҢ КҮМБІРІ

Елордадағы Достық үйінде «Манас – жаһандану бастауы» атты халықаралық онлайн-конференция өтті. Бұл айтулы шараны өткізуге Нұр-Сұлтан қалалық Қазақстан халқы ассамблеясы, Манас және Шыңғыс Айтматов ұлттық академиясы және Еуразиялық шығармашылық гильдиясы ұйытқы болды.

Алқалы жиынды белгілі жырау, ғалым Алмас Алматов жүргізіп, тамырымыз бір түркі тілдес халықтардың мақсат-мұраты, бауырлас жақындық, ұлт пен ұрпақ тәрбиесінің мазмұны жайында салмақты сөз сабақтады. «Біз Түркі халықтарының адамзат тарихындағы жетекші рөлі мен әдебиет пен мәдени музыкалық мұраларын терең түйсініп, болашақ жүрер жолымызды айқындауға міндеттіміз. Қырғыз халқының асыл қазынасына айналған «Манас» батырлық эпосы әлемдік мәдениеттің алтын қорына енген құнды дүние» деп атап өтті жампоз жырау. Қалалық Ішкі саясат басқармасы этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі бөлім басшысы Ләззат Құсайынова «Манас» жырының маңызына тоқталды.

Сондай-ақ халықаралық конференция барысында Манас және Шыңғыс Айтматов ұлттық академиясының президенті Т.Тургуналиев, Манас және Шыңғыс Айтматов ұлттық академиясының вице-президенті Т.Кененсариев, манасшы, «Саяқбай манасчы» қорының президенті Р.Исаков, ақын-драматург



Б.Әлімжанов, Еуразиялық Шығармашылық гильдияның вице-төрағасы М.Ахмеджанов, Қырғызстанның халық жазушысы С.Раев секілді зиялы азаматтар қатысып, түркі халықтарының ортақ мақтаншына айналған, көнеден күмбірлеп жеткен эпостың құндылығын сөз етті.

Мәдени шара аясында, қарымды қаламгер, манасшы Баянғали Әлімжановтың «Сказ столетнего степняка» атты кітабының таныстырылымы болды.